



МӘСЕЛЕ



«Қара алтынның» құны түскелі астыққа деген көзқарас өзгерді. Шаруалар жылдағыдай астықты қар астында қалдырмай жинап алуды биыл ерте қолға алды. Оңтүстік өңірде егін жинау науқаны аяқталса, солтүстікте әлі де жалғасып жатыр. Ауыл шаруашылығы министрлігінің қыркүйек айындағы мәліметі бойынша, 2016 жылы 15 млн 374 300 гектарға егін егіліп, оның 83,5 пайызы жиналған. Астық өнімділігі де жаман емес. Еліміз бойынша орта есеппен әр гектардан 15 центнерден өнім алған. Дикандар биыл ауа райы қолайлы болды дейді. Алайда әлі күнге шешілмеген бір мәселе бар. Ол астықты орып,


жинайтын техниканы тізгіндейтін маманның тапшы болуы. Жүргізген күннің өзінде жөңдей алмайды. Бүгінде жеңіл көлікті тақымына басқан жастарды жиі көреміз. Бірақ трактор, комбайн айдап жүргенін көру сирек құбылыс. Бұған не себеп? Маман даярлайтын оқу орнының болмауы ма, әлде бүгінде экономиканың ең қажетті саласына қызығушылық жоқ па? Сауал көп. Көкше өңіріндегі тілшіміз сан-қилы сұраққа жауап іздейді.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖҮЙРІК ЖАҢАЛЫҚ



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасының қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігін құру туралы Жарлыққа қол қойды. Жаңа құрылған министрліктің негізгі бағыты – қорғаныс, аэроғарыш өнеркәсібі және электрондық өнеркәсіп, ақпараттандыру және байланыс саласындағы ақпараттық қауіпсіздік, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және дамыту, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу.



Елімізде блогер мәртебесі заң аясында анықталады. Бұл туралы ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев мәлім етті. Министрдің айтуынша, бүгінде азаматтық журналистиканың пікірі қоғамға дәстүрлі БАҚ-пен бірдей әсер етеді. Министр «Осының маңыздылығын ескере отырып, біз блогерлерге арнайы мәртебе беруді ұсынамыз» – деді.



Елімізде облыстық, қалалық және аудандық мәслихат депутаттығына үміткерлерді тіркеу аяқталып, үгіт-насихат науқаны басталды. Бүгінде 31 орынға 96 азамат үміткер ретінде тіркелген. Облыстық мәслихатқа 4, қалалыққа 11 және аудандыққа 16 депутат сайланады. Үгіт-насихат 28 қазан күні аяқталып, дауыс беру 30 қазанда өтеді.

ПІКІРТАЛАС



«Мысалы, суды халал деп жатырмыз. Мен «Неге халал су деп айтасындар?» – деп сұрасам, «Біз арнайы құрылғыдан суды тексерістен өткіземіз» – деп жауап береді. Ал енді тексеруден өтпеген су харам ба? Харам емес. Онда сіз оны «халал» деп атамаңыз. Ол суды денсаулыққа пайдалы деп айтыңыз. Барлық нәрсені «халал» деп айта беретін болсақ, халалдың қадірін кетіріп аламыз»

(Жалғасы 4-бетте)

ТАҒЫЛЫМ

Қазақтың
8 мың жылдық
тарихы бар



Адамзат тарихы туралы діннің айтары басқа. Ал діни емес, пәни тарихшы-ғалымдар адамзат тарихының әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдерін – тас дәуірі, қола дәуірі, мыс дәуірі деп, ұзақ-ұзақ, ірі-ірі кезеңдерге бөліп қарастырады.

(Жалғасы 5-бетте)

РЕТРОСПЕКТИВАЛЫҚ СҰХБАТ

Ерліктің негізі сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да, суға да түседі. Сөйтіп саналы түрде ерлік жасайды. Бірақ солдат оны ерлік жасадым деп есептемейді.


Ерлік есеппен
істелмейді



(Толығырақ 8-бетте)

АРУ АНА

Өлгендер
қайтып келеді...



Арагідік: «Қаламгер қаншалықты көп болғанымен, нағыз жазушылар саусақпен санарлықтай ғана» деген сөзді де еститініміз жасырын емес. Бір себептен, мұның шындығы да жоқ емес шығар.

(Жалғасы 10-бетте)

ҚҰҚЫҚ



Кәсіпкердің
кең тынысы

Бас прокуратура кәсіпкерлерге қатысты қылмыстық қудалау жүргізіліп, алайда қылмыс құрамы анықталмағандықтан, тоқтатылған істің мерзімін жария етті.

Бұл үрдіс орта есеппен 90 күнге жалғасады екен. Кеше Астанада өткен Бас прокуратураның алқа мәжілісінде осындай дерек келтірілді. Кәсіпкерлер осы кезеңде небір құқайды бастан кешіреді. Есеп шоты жабылып, жауап алынады, тінту жүргізіледі. Бас прокурор Жакып Асанов 9 мың іс қозғалып, қылмыстық процесс басталғанын атап өтті. Алайда солардың жартысынан астамы негізсіз деп танылып, қылмыстық іс тоқтатылыпты. Әділеттілік қалпына келтірілген. Дейтұрғанмен, осы аралықта жиған-терген абыройынан айырылып, серіктестері теріс айналған, сөйтіп, банкротқа ұшырағандар да бар. Жиында мемлекеттік кіріс комитетінің ұйғарымымен Шымкенттегі бір компанияның қызметі үш айға тоқтатылғаны туралы айтылды. Осы аралықта қылмыстық іс қозғалып, компанияның есепшоты жабылып, құжаты алынған. Өзгемен келісімшарт жасауға тыйым салынады. Салық төлемі бойынша тексеру жүргізіледі. Ешқандай заң бұзу әрекеті анықталмапты. Бірақ жұмысы тұралаған компания банкротқа ұшырап, жұмыс орындары жабылған. Іскерлік ынта-жігерін жоғалтқан кәсіпкерді айтпағанда, жұмысшы мен қазына да зиян шекті. Бірі күнделікті нәпакасынан айырылса, екіншісі ай сайын түсіп тұратын салық төлемінен қағылды.

Осындай деректерді келтірген Бас прокурор тексерумен айналысатын құзырлы мекемелердің бизнеске деген көзқарасы түбегейлі өзгеруі тиіс деп есептейді. Ол «Ең негізгі нәрсеге мән беру керек. Олар бизнеске, заңды бизнеске қолдау көрсету, құқыққа сай жұмыс істеу алдығы қатарға шығарылуы қажеттігін түсінуі керек. Біз сананы өзгертпейінше, ештеңе болмайды. Ал өзгерту үшін бұрыннан келе жатқан екі әдісті қолдану қажет. Алдымен – күлше. Егер оны түсінбесе, қамшы. Яғни қамшыны, яки өкіметтің күшін қолданадық» – деді.

Шикізат бағасы арзандаған бүгінгі заманда қазынаның бүйірі солмас үшін салық түсімі қажет-ақ. Бұл мәселеде, әсіресе шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкердің алансыз, тынысы тарылмай жұмыс істегені абзал. Сонда ғана кәсіпорынның ісі өрлейді, жұмыс орындары көбейеді, қазына да қаржыдан кенде болмайды.

Талап ТІЛЕГЕН

Билік

ЛОГИСТИКА – ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ



Осы аптада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Ресей өңіраралық ынтымақтастығы ХІІІ форумы аясында Владимир Путинмен кездесті. Екі елдің басшылары кең ауқымды мәселені, соның ішінде екіжақты ынтымақтастықтың дамуының басты бағытын талқылады.

Елбасы «Сочиде өткен форумда кол жеткізілген келісімдерді орындау үшін екі елдің үкіметі жемісті жұмыс жүргізді. Бүгінгі форумда 900 бизнесмен кездесетін болады. Сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің көршілес өңірлерінің басшылары келіссөз жүргізіп, нәтижесінде қазірдің өзінде нақты уағдаластықтарға қол жеткізілді. Мұның бәрі екіжақты қарым-қатынастың жоғары деңгейде екенін дәлелдейді», — деді.

В.Путин көрсетілген қонақжайлылық үшін ризашылық білдіріп, Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасы стратегиялық серіктестік пен одақтастыққа негізделгенін атап өтті. Ресей президенті «Біз барлық бағыт бойынша өзара іс-қимыл жасаймыз. Сіздің бастаманызбен өткізіліп отырған өңіраралық форумға

Қазақстанмен бірлесіп тығыз жұмыс жүргізетін Ресейдің 400 бизнесмені қатысады. Бүгінгі форумның тақырыбы өңірдің көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту үшін маңызды әрі пайдалы болмақ», — деді. Еуразия кеңістігінің көлік-логистикалық әлеуетін дамытуға арналған іс-шараға екі елдің мемлекеттік органдары мен іскерлік орта өкілдері қатысты.

Жиында сөз сайған Елбасы осындай форматтағы жыл сайынғы кездесулердің екіжақты қарым-қатынасты дамытуда зор маңызы бар екендігін атап өтті.

Н.Назарбаев «Бүгін біз күн тәртібіне көлік пен логистиканың өзекті мәселелерін шығарып отырмыз. Қазақстан мен Ресейге тән ортақ ерекшелік — олардың аумағының кендігі

мен географиялық орны. Осыны бәсекелік тұрғыдағы артықшылыққа айналдыра білу керек. Атап айтқанда, біздің елдер транзиттік тасымал саласында зор әлеуетке ие. Бұл бағытта біздер бәсекелес емес, стратегиялық әріптес екенімізді ерекше атап айтқым келеді. Сондықтан көлік-логистика жүйесін бірлесе дамыту қажет. Көлік саласы екі ел экономикасы өсімінің қозғаушы күшіне айналуға тиіс», — деді.

Елбасы форум барысында талқыланған мәселелерді ескере келіп, екі ел үкіметіне көлік-логистика жүйесін дамыту жөніндегі іс-қимылды үйлестіру жұмысын күшейту жөнінде тапсырма беруді ұсынды.

Н.Назарбаев «Жүк тасымалының, ең алдымен транзиттің көлемін түбегейлі өзгерту үшін барлық жағдайды жасау қажет. Әкімшілік рәсімдерін оңтайландыру керек. Өзара сауда-саттық барысында рәсімдердің барынша жарилылығы мен рәсімдеудің жеңіл болуы қажет. Сондай-ақ Ресейдің көлік инфрақұрылымына қолжетімділік мәселесі де қозғалды. Осыған байланысты, тиісті мемлекеттік органдардың аталған мәселеуі өзара тиімді негізде шешкені маңызды», — деді.

Қазақстан басшысы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне дайындық барысында Ресейдің бірқатар өнірімен меморандумдарға қол қою жоспарланып отырғанын еске салды. Елбасының айтуынша, форум аясында «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ мен Омбы, Түмен, Астрахан, Свердлов және Орынбор облыстарының, Алтай және Татарстан республикаларының басшылары арасында меморандумға қол қойылады.

Өз кезегінде В.Путин Ресейдің елімізбен көп жоспарлы сауда және инвестициялық қарым-қатынасын дамытуға басты назар аударатынын айтып өтті. Сонымен бірге Ресей президенті көлік-логистика саласы үшін мамандар даярлауда өзара іс-қимылды күшейтетін бірқатар халықаралық көлік жобаларына елдеріміздің бірлесе қатысуына назар аударды.

Сөз соңында Владимир Путин Нұрсұлтан Назарбаевқа Ресей тарапының «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесі жұмысына белсене қатысатынын және оның бағдарламасындағы 100-ден астам іс-шараны бірге ұйымдастыруға дайын екенін жеткізді.

(өз тіліуіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

349,7

млрд теңге. Биыл «Нұрлы жол» аясындағы жобаларды жүзеге асыруға бөлінентін қаржы көлемі

1,8

млрд теңге. Елімізде алимент төлемейтін сараң өкелердің қарызы

7

млрд теңге. Дүниежүзілік банк еліміздегі ауыл жастарын оқытуға осынша ақша бөлді

Аптаның ұсынысы

«Жол-патрульдік полиция қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мәселесіне ерекше назар аударғым келіп отыр. Осы салада 12 мың полицей жұмыс істеп жатыр. Олардың басым бөлігі – ауылдан келген жастар. Қалада баспананың болмауы, жалақының төмен мөлшері, қатаң жұмыс кестесі – мұның бәрі қызметкерлердің басқа жұмысқа жиі ауысуына себеп болып отыр. Біздіңше, қазіргі мәселені шешудің бірден-бір жолы – алдымен әрбір облыс орталығында бір-бір отбасылық жатақхана салу қажет. Сондай-ақ жол-патрульдік полиция қызметін таза офицерлік құраммен жасақтаған жөн»

Қалмұхамбет ҚАСЫМОВ,
ішкі істер министрі:



(Үкімет отырысында айтқан сөзі)

Ерлан САҒАДИЕВ,
білім және ғылым министрі:

«Ата-аналар үнемі жұмыста болатындықтан, олардың балаларын тәрбиелеуге уақыты қалмайды. Олардың арасында мемлекеттік қызметкерлер де көп. Қазіргі кезде ата-аналар жиналысына келетіндер 10-15 пайызды ғана құрайды. Біздің есебіміз бойынша, 11 жылда ата-аналардың тең жартысы мектепке келмеген»



1+2

Тамара ДҮЙСЕНОВА,
денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі:

«Міне, дұрыс. Мұны жұмыс берушілерге айту керек. Жалпы Еңбек кодексінде жүкті әйелдерге, үш жасқа дейінгі балалары бар аналарға жеңілдіктер бар. Олар келісімшартқа байланысты түскі үзілісте ұзағырақ уақыт ала алады. Себебі олар баласын тамақтандыруы тиіс. (...) Еңбек кодексінде барлығы жазылған. Барлығы сол міндетті орындауы тиіс. 8 сағаттық жұмыс күні барлық жерде жазылған»

(Парламент Сенатында өткен талқылаудан)



Дәурен БАБАМҰРАТОВ,
«Болашақ» жастар
қозғалысының жетекшісі

Әлеумет.т⁰



Жастар енжар емес

«Болашақ» республикалық қозғалысы жаз айларында Алматы қаласындағы жастар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізді. Алматы қалалық жастар басқармасының тапсырысымен жүргізілген сауалнамаға 14-29 жас аралығындағы 1400-ден астам респондент қатысты. Сауалнама екі бөлімнен тұрды. Біріншісі — жастардың құндылық бағдарына байланысты болса, екіншісі — әлеуметтік көңіл-күйіне қатысты. Алғашқы бөлімнің өзі жеті бөліктен тұрады. Жастардың құндылық бағдарын, отбасылық құндылығын, қоғамдық саяси белсенділігін, өзін-өзі дамытуын, ақпарат алу көздерін, діни наным-сенімін анықтады. Жастардың әлеуметтік көңіл-күйіне қатысты айтар болсам, олардың жемқорлыққа, жоғары оқу орындарына, Алматы қаласына, жұмысбастылық мәселесіне қатысты көзқарасын біліп көрдік. Әлеуметтік сауалнама Алматы қаласының 8 ауданында теңдей жүргізілді. Бұл сауалнама нені дәлелдеді? Бүгінгі таңда алматылық жастар үшін ең бастысы — жұмыс пен баспана мәселесі. Осы уақытқа дейін аталған проблеманы шешу үшін қаншама шара жасалса да, өзектілігі әлі азаймапты. Сауалнама барысында қалаға жастардың 50 пайыздан астамы үш облыстан келетініне көзіміз жетті. Ол Алматы (20 пайызға жуық), Жамбыл (10 пайызға жуық) және Оңтүстік Қазақстан (22 пайыз) облысы. Солтүстік өңірден, тіпті аз келеді. Өзге елден келетін жастардың үлесі 5 пайызды құрайды. Сауалнама нәтижесі бойынша жастардың қоғамдық саяси белсенділігі төмендегенін байқалық. Мәселен, саяси, партиялар, қоғамдық ұйымдардың қатарында жүрген жастардың үлес салмағы 12 пайыздан аспайды екен. Бұл нені білдіреді? Жастар күш-қуатын басқа арнаға бұруы мүмкін. Сауалнама барысында «Сіз үшін кім «кумир»? Бүгінгі күннің батыры кім?» — деген сауал болды. Мәдениет саласына қатысты айтар болсам, біз біраз жауап ұсындық. Сонда жастар әншілерді көрсетті. Мәдениеттің кино және басқа да саласында жастар еліктейтін, құрмет тұтатын азамат қалыптастыра алмағанымыз ба? Барлығы әншіге еліктейтін болса,

басқа саланы қайтпекпіз? Спортқа келетін болсақ, ол жақта да қазақ жастары тек боксшыларға еліктейді. Рейтингіте алғашқы бестік түгелімен былғары қолғап шеберлері — Геннадий Головкин, Қанат Ислам, Бекзат Саттарханов, Серік Сәпиев.

«Жастар кай әлеуметтік желіні колданады?» — деген сауалдың жауабын іздеп көрдік. Біз ойлағандай Facebook емес екен. Вконтакте желісін жастарымыздың 36 пайызы тұрақты түрде пайдаланады. 32 пайызы Instagram-да отырады. Facebook пайдаланатындардың үлесі 18 пайызға да жетпейді. Ал Вконтакте желісінде нешешүрлі сананы ұлайтын дүниенің бар екенін ескерсек, бұл мәселеге де енжарлықпен қарамау керек. Біз тек Алматыны сөз етіп отырмыз. Өзге аймақта оның қолданушылар, тіпті көп болуы ықтимал. Телеарна көретіндердің үлесі азайып барады. Бар жоғы 13 пайыз. Мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі құралы телеарна екені белгілі. Мына қызық дерекке қараңыздар. БАҚ ішінде жастардың 50 пайызы телеарнаға сенеді екен. Көрмейді, бірақ сенеді. «Бос уақытын қалай пайдаланады?» — деген сауалға 50 пайызы ойын-сауық орталығына, 50 пайызы кітапханаға барамыз деп жауап беріпті.

Бастапқыда баспана мен жұмыссыздық мәселесі туралы айтып кеттім. Жастарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселесі осыдан 2-3 жыл бұрын қолға алынды. Сол бір кәсіпке дағылау мәселесін жалғастыруымыз керек. Осыдан 5-6 жыл бұрын 12 жылдыкқа қарсы шыққан кезім болды. Сол кезде қосымша бір жыл нақты бір кәсіпті игеруі үшін қажет деп түсіндірді. Осы сауалнамадан кейін сол 12 жылдықты енгізу керек екенін түсіндім. Әйтеуір, бір кәсіп иесі атанады. Жастарымызды әр салаға икемді етуіміз керек. Оларды дамыту керек.

Аптаның сауалы

– 3 жылдың ішінде алимент бойынша 13 мыңнан астам борышкерге елден шығуға, көлік басқаруға тыйым салынғанын естідік. Сараптама тобы құрылып, алимент төлемеудің негізгі себебі анықталыпты. Сонда әке бауыр еті баласына не үшін көмектеспейді?



Иоган МЕРКЕЛЬ,
Бас прокурордың бірінші орынбасары:

«Жағдайдың себептері жалпыға белгілі. Төлемеушілер арасында, бей-берекет өмір салтын ұстанатын – маскүнем, нашақор, тұрақты мекенжайы жоқ адамдар көп. Борышкерлердің басым бөлігі, әсіресе, ауылдық жерлердегі – жұмыссыздар. Дегенмен, көпшілігі табысы бар адамдар. Олар саналы түрде алимент төлеуден жалтарып, еңбек құжаттарын рәсімдемей, жалақыны «жасырын түрде» қолма-қол алып, табысын төмендетіп көрсетеді. Кейбіреуі алимент төлемеуге тырысады. Тіпті өз баласы мен әйелінің өміріне де қауіп төндіруден тайынбайды»

жұмыссыздар. Дегенмен, көпшілігі табысы бар адамдар. Олар саналы түрде алимент төлеуден жалтарып, еңбек құжаттарын рәсімдемей, жалақыны «жасырын түрде» қолма-қол алып, табысын төмендетіп көрсетеді. Кейбіреуі алимент төлемеуге тырысады. Тіпті өз баласы мен әйелінің өміріне де қауіп төндіруден тайынбайды»

ЖАУАБЫ

Бір анығы

Жер игерілуі тиіс

Астанада жалпы аумағы 16 мың га 1084 жер телімі игерілмеген. Бұл 2012-2016 жылдары Елорда әкімдігі прокуратура органдарымен бірге қала аумағындағы жерді тексеру барысында анықталған. Соның ішінде қабылданған шаралардың нәтижесінде жалпы ауданы 6 мың га 265 игерілмейтін жер учаскесі мемлекетке қайтарылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен қала әкімі Әсет Исекешев қалалық қызметтердің игерілмеген жер учаскелерін мемлекет меншігіне қайтару, рұқсат етілмеген коқыс орындарын болдырмау және құрылыс алаңдарындағы коқысты уақытылы шығару мәселелері жөніндегі іс-қимылдар жоспарын бекітті. Осыған орай Астана қаласы әкімінің



бірінші орынбасары Сергей Хорошунның төрағалығымен отырыс өтті. Оған игерілмеген жер телімінің 400-ге жуық азаматы қатысты. Қала басшысының бірінші орынбасары Сергей Хорошунның айтуынша, ескерту жасалғаннан кейін бір жылдың ішінде игерілмеген жер телімі бойынша сотқа мәжбүрлі түрде алу бойынша талап-арыз ұсынылады.



(Басы 1-бетте)

Жолдың ой-шұқыры көп екен. Тіпті шұңқырдың ішінде шұңқыр. Сонда да Мағжан су жана «Нивасын» аямай, шұңқырлардың ара-арасымен ор қоянша орғытып келеді. Енді аз уақыттан соң Арканың сыбырап жауатын қара жауыны басталады. Қара жауын басталса-ақ өліп-талып еккен мың гектар егіні су аяғы құрдымға кетті дей бер. Мандайдан сорғалаған терін алаканының сыртымен сыпырып тастап жүйткіп келеді.

Беркімбайға бекер сенген екен. Көкшетау қаласының іргесіндегі Красный яр поселкесіндегі кәсіптік-техникалық колледжді бітіріп келген жас жігіт комбайнды жүргізе алғанымен, жөңдей алмайды екен. Жөндемек түгіл кілт ұстайтын ыңғайы жоқ. Өзінен сұрап көрсе, колледжде баяғы «Нива» комбайндарын оқытыпты. Бары сол екен. Қазір алкаптың үстінде шетелдік комбайндар жүр. Мағжан өзінің ақылына салып, безбендеп те көрді. Құдай-ау, сонда атам заманда аты өшкен «Нива» комбайнын оқытқанша, заманның сұранысына ілесіп, жана комбайндарды оқытпай ма?

Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Айыртау ауданындағы Егіндіағаш ауылында бос отырған екі комбайншы бар деп естіген. Солармен кездесуге келе жатыр. Атасының құнын сұраса да төлемекші. Өзі мың гектарды бір маусымда жинап беретін Беркімбайлармен 600 мың теңгеге келісіп еді. Ал Егіндіағаштың Берік пен Санат деген екі комбайншы жігіті бір миллион теңге сұрайды екен.

Қымбаттау болса да келісті. Келіспей қайда барады. Масағында әбден пісіп, толып тұрған бидай Сарыарканың самал желі сәл ғана ессе, шашылып қалмақшы. Көз байлана екі комбайншыны машинасына салып алып жеткен Мағжан Болатовтың еңбегі ақталды. Екеуі де келесі күні тастабандап тұрып қалған комбайнның ақауын

күн төбеге келгенше жөндеп шықты. Міне, нағыз өз ісінің мамандары.

— Қазір ауылдық жерлерде кім қат? Комбайншы қат, механизатор қат, — дейді шаруа қожалығының басшысы Мағжан Болатов, — кешегі кеңес заманында темір тұлпардың құлағында ойнаған аталарымыз бен ағаларымыз әлдеқашан зейнет демалысына шығып кеткен. Ал жастар комбайнға жолағысы келмейді. Өйткені, бұл маусымдық қана жұмыс. Жыл он екі айда асса, бір ай ғана комбайнға мінуі мүмкін, қалған уақытта ешкімге керегі жоқ. Бізге дейін жұмыс істеген механизаторлар бесаспап маман болған. Олар тракторды да, комбайнды да жүргізе берген. Қазір осы комбайншыларды дайындайтын курс жоқ па екен.

Иә, әбден болуы мүмкін ғой. Жаны мұрнының ұшына келіп жүрген Мағжанның мұнын естіген соң тұтас солтүстік өңірді қамтып тұрған проблеманың ұшығын індеттік. Әуелі облыстық білім басқармасы. Білім басқармасында техникалық және кәсіптік білім бөлімі бар. Аталған бөлімнің бас маманы Мұрат Токсанбаевпен тілдестік.

Қазір Ақмола облысындағы 13 кәсіптік-техникалық колледжде фермер шаруашылығы бейіні бойынша 615 оқушы білім алып жатыр. Аздау. Өйткені, биылғы жылы облыста 4 миллион 328 мың гектар алкапқа астық егілді. Оны жинап алуға тоғыз мыңға жуық астық жинайтын комбайн қатыстырылды. Оның үстіне бес мыңға тарта жүк көлігі, 7,5 мыңға жуық трактор бар. Осының барлығына ие болатын механизатор керек.

— Бұл — үлкен мәселе. Әр жыл сайын механизатордың тапшылығын тартып келе жатсақ та, науқанды әупірімдеп жүріп өткізіп алған соң ұмытып кете береміз, — дейді Шоқан Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің қосалқы шаруашылығының агрономы Бауыржан Молдағалиев, — мен осы жерге келгенше, он екі жыл бойы шаруа қожалығын құрып, егімнен айналыстым. Қазіргі жастар механизатор мамандығына мүлде қызықпайды. Ілкіден жалғасып

келе жатқан еңбек дәстүрінің үзілуіне себеп болған жайлар көп. Біріншіден, қаржылық қиындыққа байланысты механизаторлардың жалақысы уақытылы төленбеді, еңбекақысын сабанмен, шөппен, астықтын қалдығымен берді. Еңбегі жанбағаннан кейін, олар бұл кәсіпті қайтсін. Ауылдық жерде механизатор көктемде он күнге, күзде он күнге керек. Содан кейін оларға жұмыс жоқ. Жастардың бұл кәсіпті игермей жатқаны да содан. Менің ойымша, алдағы уақытта көп комбайншының да қажеті жоқ. Есептеп көріңіз, бұрынғы бес комбайнның жұмысын қазіргі жана комбайндардың жалғыз өзі атқарады. Демек, бес механизатордың міндетін жалғыз адам атқара алады. Бірақ мұнын ішіндегі бір түйткіл, үлкен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер болмаса, кішкентай шаруа қожалықтарының техникасы ескі, кешегі кеңес заманынан келе жатқан комбайндар. Күндердің-күнінде шағын шаруа қожалықтары біріктіріліп жана заманғы комбайндарға қолдары жетсе, бұл проблема өзінен-өзі шешіледі.

Негізінде, кәсіби-техникалық білім беру жүйесін онтайландыру үшін елдегі жағдайды бүге-шігесіне дейін зерттеп білу керек екен. Мәселен, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының кадр мәселесіне жауапты маманы Максим Гацановтың айтуына қарағанда, ауыл шаруашылығы құрылымдарының қажетті акпарат толық түсе бермейтін көрінеді. Осыған орай облыстық білім басқармасы да нақты жағдайдан бейхабар. Бізге қажеттілік туралы акпарат түспейді деп отыр. Сонда қанша маман даярлау керек екенін білмесе, олардың қаншалықты қажеттілігі бар екенін білмесе, кімді оқытпақ? Оның үстіне кәсіби-техникалық колледждердегі материалдық-техникалық базаны жана заманның сұранысына орай түбегейлі жаңғырту керек.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,

Ақмола облысы

Жоба

Енді ескі көлікті кәдеге жаратуға болады. Жарты жылдан кейін ескі көлікті қабылдап, қайта кәдеге жарататын алғашқы зауыт іске қосылады. Бұл туралы кеше Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте инвестициялар және даму вице-министрі Альберт Рау хабрлады.

Ескі көлік кәдеге жарайды



Ол осы мәселеге қатысты қойылған сауалға былай жауап берді. «Ескі көліктерді қайта кәдеге жарататын зауыт тоқтап тұр деген мәлімдемені мен айтқан жоқпын. Қазір конкурстық іс-әрекет жүріп жатыр. Мендегі акпарат бойынша, алғашқы зауыт алты айдан кейін іске қосылады».

А.Рау хабарлағандай, елімізде осындай үш кәсіпорын салу жоспарда тұр. Алғашқы утилизация зауыты Астанада, екіншісі Қарағандыда, ал үшіншісі Алматы немесе Шымкент қалаларының бірінде салынады. Егер осы жоба тиімділігін көрсетсе, әр облыста ескі көлік қабылдайтын кәсіпорын ашылады.

ҚОҒАМ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Рух

Осы аптада Кейкі батырдың бас сүйегі Ресейден елімізге әкелінді. Бұған дейін екі елдің үкімет басшылары кездесіп, батырдың бас сүйегін елімізге қайтару жөнінде уағдаластыққа қол жеткізілген болатын. Сол келісімге сәйкес, қаншама жылдар бойы Санкт-Петербург қаласындағы Кунсткамерада тұрған батырдың бас сүйегі Астанаға жеткізілді.

Көптен күткен қуаныш

Алматыдағы Мемлекеттік Орталық музей директоры Нұрсан Әлімбайдың айтуынша, батыр бабаның басы 6 қазан күні таңға жуық Астанаға жеткізілген. Енді биологиялық сараптама жүргізу жоспарлануда. Бұл жұмыстармен мажар ғалымы Андраш Биро айналысады. Н.Әлімбайдың сөзіне сенсек, бұл шаралар халықаралық нормаға сай жүргізіледі.

Айта кетейік, Кейкі батырдың бас сүйегі Мәскеуден арнайы бортпен елордаға жеткізілетінін естігендер Астанадағы халықаралық әуежайға жиналған болатын. Алайда бас сүйекті жиналған қауым салтанатты түрде қарсы ала алмады. Бұл жайлы саясаттанушы, қоғам қайраткері Берік Әбдіғалиұлы: «Біздің естіген ақпаратқа сүйенсек, батырдың бас сүйегі арнайы рейспен келіп жетті. Осы орайда еліміздің танымал ғалымы, белгілі этнограф, профессор Нұрсан Әлімбай Ресейде бас сүйекті қабылдап алып, елге жеткізді деп естілік. Енді ғалымдар арнайы сараптама өткізетін болады. Батыр бабаның бас сүйегін салтанатты түрде қарсы алу керек еді. Өйткені Астана әуежайына ел азаматтары, батырдың ұрпақтары мен туыстары келді», — деп пікір білдірген болатын.

Тағзым



Еліміз бен жеріміздің тұтастығын батырлар туған топырағында арулап жерленуі тиіс. Мәдениет және спорт министрлігі осы мақсатпен Кенесары ханның бас сүйегін елге қайтару жолында жұмыс атқарып жатыр.

Бұл туралы кеше вице-министр Ақтоты Райымқұлова мәлім етті. Ол қазақтың хас



Ресей тарапымен бас сүйект елге қайтаруға көп жылдан бері келіссөздер жүргізілді. Осы ретте, биылғы 12 тамызда бұрынғы Үкімет басшысы Кәрім Мәсімовтің өтініші бойынша Ресей премьер-министрі Дмитрий Медведев Кейкі батырдың бас сүйегін Астанаға қайтарып беру жағын қарастыруға уәде берген болатын. Сонымен қатар қазақстандық тарап аталған кездесуде тағы бір ұлт-азаттық көтеріліс жетекшісі — Кенесары ханның бас сүйегін отанына қайтару мәселесін көтерді. Ресей премьері бұл сұрақты реттеуге атсалысатынын айтқан еді.

Ендігі міндет – Кенесары ханның бас сүйегін қайтару

батыры Кейкінің бас сүйегі елге әкелінгенін қуанышпен хабарлап, мұны үлкен жеңіс деп бағалады. Вице-министр ендігі міндет — Кенесары ханның бас сүйегін қайтару екеніне тоқтала келе, бұл шаруаның көп еңбекті қажет ететінін атап өтті. Ол «Біз осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз және бір нәтижеге қол жеткізе аламыз», — деді

Диқан

«Ақ алтыннан» тау тұрғызды

Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мырзашөл өңірінің диқандары қыrmанды «ақ алтынға» толтырып жатыр. Ақ мақтаны қыркүйек айынан бастап тере бастаған қожалықтар бүгінге дейін 53 мың гектар мақталықтан 110 мың тонна шитті мақта жинап үлгерді. Оның 44 мың тоннаға жуығы қолмен терілсе, 66 мың тоннадан астамы арнайы техникамен жиналған.

Түсімділік те көңіл көншітеді. Әр гектардан шамамен 24,1 центнерден «ақ алтын» алынды. bnews.kz сайтының облыс әкімдігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасай отырып жариялаған ақпаратында, бүгінге дейін жалпы мақталық алқаптарының 64 пайызын жинаған мақташылар алғашқы терімді аяқтап, екіншісіне көшкені хабарланды. Ол үшін ауданда 297 дана түрлі комбайн мен 10 мыннан астам



адам мақта терім науқанына қатысты. Диқан Алдан Сәрсенбаев «Мақтаның бағасы биыл жаман емес. Келісін 155-160 теңгеден өткізіп жатырмыз. Өнімділігі де жылдағыдан айтарлықтай жоғары. Құдайға шүкір, биыл бір байып қалатын болдық», — дейді.

Айта кетейік, биыл мақтаралдық диқандар мақта алқабы көлемін жылдағымен салыстырғанда 6 мың гектарға арттырып, 83 мың гектар аумаққа мақта шитін екті. Жиын-терім науқанының соңына дейін Мырзашөлде 200 мың тоннадан астам ақ мақта жиналады деген болжам бар.

Мәселе

Кәсібің-нәсібің

Балық шаруашылығын дамыту үкімет отырысында қаралады. Бұл туралы кеше ауыл шаруашылығы вице-министрі Ерлан Нысанбаев хабарлады. Оның айтуынша, мұндай жиынды қазан немесе қараша айының басында өткізу жоспарланып отыр.



Балық мәселесі күн тәртібінде

Бүгінде министрлік тауарлы балық өсіруді одан ары дамыту үшін шағын және орта бизнесті қолдауды қолға алмақшы. «Қазақпарат» хабарлағандай, бұл ретте тұйықталған сумен жабдықтау қондырғыларында, шарбақ, бассейн және тоған шаруашылықтарында тауарлы балық өсірушілер үшін балық азығына жұмсалатын шығындарды қаржыландыру көзделіп отыр. Осыған орай, Е.Нысанбаев «Жасалған есеп-қисаптарға сәйкес, азық құнын 30 пайызға арзандатуды қаржыландыру үшін инфляцияны ескергенде мынадай мөлшерде бюджет

қаражаты қажет: 2017 жылы — 200 млн теңге, 2018 жылы — 350 млн теңге, 2019 жылы — 450 млн теңге, 2020 жылы 500 млн теңге», — деді.

Вице-министрдің есебінше, тауарлы балық өсіруді қолдау жөніндегі іс-шаралар орындалған жағдайда өндіріс көлемі субсидиялауға бөлінетін сомадан ақшалай алғанда жыл сайын 5 есе көбейіп отырады.

Айта кетейік, Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитетінде еліміздегі балық шаруашылығының жағдайы және даму мәселелері талқыландуда.

Пікірталас

(Басы 1-бетте)

Осы аптада «Атамекен» пікірталас клубы «Қазақстандағы халал-индустрияның жай-күйі» деген тақырыпта дөңгелек үстел өткізді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жанындағы Қалқаман Сарин жүргізетін алқалы бас қосуға ҚМДБ «Халал өнімдерін стандарттау» бөлімінің Астана қалалық өкілі Асхат Сәлімов, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аппарат басшысы Елдар Жұмағазиев пен техникалық реттеу департаментінің директоры Нұртас Өтешов, «Қазақстанның халал индустриясы» қауымдастығының төрағасы Марат Сәрсенбаев, «Мұмтаз» мейрамханалар желісінің директоры Ботагөз Сейітханқызы және белгілі дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы қатысып, өз ойын ортаға салды. Клубқа қатысушылар бірауыздан «халал өнімдеріне қатысты арнайы заң қабылдануы керек» деген тоқтамға келді.

Алланың алдында өзіңіз жауап бересіз» — деп кәсіпкерге насихат жасаймыз. Негізі, халал стандарт бойынша сертификат аламыз деген кәсіпкерлер «Бізді тексеруге рұқсат береміз» — деп жазып береді. Соның арқасында ай сайын өнімдерді тексеріп отырамыз.

«ХАЛАЛ СТАНДАРТТАУ ТЕК ҚАНА ДІНИ МӘСЕЛЕ ЕМЕС»

Қалқаман Сарин: Нұртас, сіз халал стандарт бойынша басқа мемлекеттердің тәжірибесінен хабары бар азаматсыз. Бізге дамыған қай мұсылман елдерінің халал стандартына сүйенуге болады? Сондай-ақ халал мәселесін тек қана діни мәселе деп қарауға бола ма?

Нұртас Өтешов: Техникалық реттеу саласында жұмыс жасап жатқандықтан, сонғы кездері халал индустрияға назар аударып жатырмыз. Халал стандарттау тек қана діни мәселе емес. Индустрия болғандықтан, халал мәселесіне жан-жақты қарауға болады. Тіпті қазіргі жағдайда халалға технология деп қарауға болады. Өкінішке қарай, университеттер халал өнімдеріне қатысты мамандарды оқытпай отыр. Қазір біз халал өнімдерді сертификаттау мәселесін айтып жатырмыз. Алайда біз әлі

тұрғыдан жазалай алмаймыз. Біз тек қана моральдық тұрғыдан түсіндіреміз» — деп айтып жатыр. Менің ойымша, бұл арада бір шикілік бар. Мен осы мәселені өткенде бас мүфтиге де айттым. Мысалы, халал өнімдерін шығарамыз деген бір кәсіпорынның кожайыны орыс болсын делік. Ол адам сенің діни сеніміңді сыйлап тұрған жоқ. Ол өзінің кәсібін дөңгелетіп пайда табуды ең бірінші орынға қойып отыр. Сондықтан да ол жерде аталған кәсіпорынның ішкі ісіне араласпауымыз керек. Араласатын болсақ, бізді алдап кетуі мүмкін. Сол себепті бұл мәселені Марат ағамыз айтқандай, құқықтық тұрғыдан шешкен дұрыс. Бас мүфтиге заң шыққанға дейін бірқатар шаруаны жүзеге асыру керек екенін айттым. Мысалы, мүфтият пен кәсіпкер келісімшарт жасаған кезде «Егер біз тексерген кезде, сіздің өнімдеріңіз халал емес екені дәлелденетін болса, оны бұқаралық ақпарат құралы арқылы жариялаймыз. Бұл сізге қара пиар болады. Сізге екінші рет халал сертификаты берілмейді» — деген тетіктер болуы керек. Бұдан кейін тағы да бір келенсіздік орын алатын болса, белгілі бір деңгейде айыппұл төлеу жағын қарастыру қажет. Өйткені, халал сертификатын берген компанияға моральдық нұқсан келгенін қаперден шығармаған жөн. Негізінде, Қазақ елі мұсылман мемлекет болғандықтан, халал туралы арнайы заң қабылдануы керек.

«ХАЛАЛДЫҢ ҚАДІРІН КЕТІРІП АЛАМЫЗ»

Марат Сәрсенбаев: Кешіріңіздер, халал балабақша діни орда емес, ол жердің ең біріншіден, тамағы адал. Сондай-ақ

Econometr

Республикалық бюджеттен 12 млрд теңге игерілмей қалуы ықтимал. Бұл туралы сәрсенбі күнгі үкімет отырысында қаржы министрі Бақыт Сұлтанов мәлімдеді.



62 күнде 12 млрд теңге...

Сонымен қатар қаржы министрінің айтуынша, бүгінгі таңда жергілікті органдарда 18 млрд тенгеден астам сатып алуларға келісімшарт әлі жасамаған. Жарияланған мәліметтерге сәйкес, міндеттемелердің ең ірі көлемі Қызылорда облысында атқарылмауда — 3,5 млрд теңге, Ақтөбе облысында — 2,5, Ақмола облысында — 1,9, Манғыстау — 1,7, Атырау облысында 1,6 млрд теңге. Б.Сұлтанов «Биылғы жылы облыста сұранысы бар кәсіпорындар, шағын және орта бизнес ол ақшаны пайдалана алмай қалды. Уақыт өте аз қалды. Байқау жариялап, қорытындысын шығару керек. Жеткізушілермен келісімшартты келісіп, қол қою қажет. Аванстық төлем аударып, жұмыстың атқарылғанын күту керек. Осының барлығына тек 62 күн қалды», — деді.

Ауылға «көгілдір отын» келді

XXI ғасырда көгілдір отынға қол жеткізіп, шынайы қуанатын шалғай ауылдағы қазақтар болар. Әсіресе қара алтынның үстінде орналасқан еліміздің батыс өлкесі газдың игілігін енді көріп жатыр дегенге сырткөз бірден сене алмас. Бірақ арасында, жағдай солай. Қара алтынның игілігін кейбір ауыл тұрғындары енді көре бастады. Жыл соңына дейін Ақтөбе облысының барлық ауданы газ жүргізіледі.



Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметінен хабарлағандай, газбен қамтамасыз ету мақсатында республикалық және жергілікті бюджеттен қыруар қаржы бөлінуде. Облыста жыл сайын 4 млрд текше газ өндіріледі. Қазіргі таңда 695 мыңға жуық адам тұратын 375 елді мекеннің 101 газдандырылған.

Облыс әкімдігімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойған «КазТрансГазАймақ» АҚ инвестициялық қаржы есебінен Ойыл ауданының Ойыл, Әйтеке би ауданының Комсомол, Қарғалы ауданының Қос-Естек ауылдарынан, Ырғыз ауданының Ырғыз, Алға ауданының Үшқұдық ауылдарының ішіне жалпы құны 5,9 млрд теңге болатын ұзындығы 293 шақырымдық газ құбырын тартты. 2016 жылдың шілде айында бюджет қаржысы есебінен 2014 жылы басталған Мәртөк ауданының Жайсаң ауылына қарай өтетін газ құбырының құрылысы аяқталды.

Бұдан өзге, осы жылы Мәртөк ауданының Казанка, Қарғалы ауданының Жосалы, Кемпірсай, Шалқар ауданының Байқадам, Шетырғыз ауылдарын газдандыру жобаларын жүзеге асыру басталды. 2016 жылдың соңына дейін барлық 12 аудан орталықтары газдандырылып, 109 елді мекенде тұратын 715 тұрғын газбен қамтылады деп күтілуде.

Асқар АҚТІЛЕУ, Ақтөбе



«ХАЛАЛ – ШҰЖЫҚ ӨНІМДЕРІМЕН ШЕКТЕЛМЕЙДІ»

Қалқаман Сарин: Шыны керек, халал мәселесін көтеріміз дегенде маман тапшылығын сезіндік. Біз қаласақ та, қаламасақ та, мұның түбінде адал ас арлы істің жатқандығын барлығымыз жақсы білеміз. Бірақ кәсіпкерлер жеке-жеке дамып жатқан сияқты. Зандық жағынан тұтынушылардың құқығы қорғалған ба? Халал тауардың сапасына кім жауап береді? Бұрын халал десе тек қана ет өнімдері көзімізге елестейтін. Алайда сонғы кездері халал мейрамхана, халал монша, халал сағыз, халал су сияқты әртүрлі қызмет түрі көбейіп кетті. Халал өнімдері мен қызметінің көбейіп кетуі қаншалықты маңызды? Елімізде халал тек маркетингтік жарнамалық тәсіл ме, жоқ, әлде ол сапа стандарты ма? Міне, бүгін біз аталған сұрақтарға жауап іздейтін боламыз.

Елдар Жұмағазиев: Халықтың халалға қатысты көзқарасын білу үшін арнайы сауалнама жүргізгенбіз. Оған қатысқан респонденттердің 98 пайызы халал туралы білгенімен, оны түпкілікті түсіндіре алмайды екен. Бағана өзіңіз айтқандай, қараша халықтың көпшілігі халалды шұжық өнімдері деп есептейді. Өкінішке қарай, халықтың басым бөлігі халал өнімдерге қатысты кейбір сұрақтарға жауап бере алмады. Халал туралы Оңтүстік Қазақстан облысының халқы жоғары деңгейде білгенімен, Солтүстік және Шығыс Қазақстан облыстарының тұрғындары бұл туралы жалпылама ақпаратпен шектеліп отыр. Сауалнама қорытындысына байланысты осында жиын ұйымдастырып, халал өнімдерге қатысы бар азаматтардың пікірін білейік деп ойладық. Елімізде халал өнімдерінің дамымай отырғанына не келергі? Басқа елдерде халал өнімдерін шығару бизнестің көзі болып кеткен. Ал біздің елде халал өнімдер мен қызметтердің болашағы бар ма, жоқ па? Қазіргі таңда халал өнімдерді сатып алғысы келетін халықтың саны көбейіп жатыр. Бұған біздің инфрақұрылымымыз дайын ба, жоқ, әлде дайын емес пе?

«ЕКІ ЖЫЛДА 65 СЕРТИФИКАТ БЕРДІК»

Қалқаман Сарин: ҚМДБ халал өнімдерін шығарып жатқан кәсіпкерлерді қатаң бақылаймыз дейді. Бірақ заң жүзінде діни басқарма талапты бұзған кәсіпкерлерді қалай жазалап жатыр? Себебі діни басқарманың құзырында «халал өнімдерін шығарамыз» деп халықты алдап отырған кәсіпкерлерді жазалайтын өкілеттілік жоқ қой. Сондықтан да басқа да мемлекеттік құрылымдармен байланыстарыңыз бар ма?

Асхат Сәлімов: ҚМДБ жанынан халал стандарттау деген бөлім ашылып, «Халал даму» деген ЖШС ашылды. Еліміз бойынша біздің әр қалада 50-ге жуық өкілдігіміз жұмыс жасайды. Өйткені, қазіргі таңда елімізде халал асқа деген сұраныс жоғары болып отыр. Ал ҚМДБ мақсаты — адал деп шығарылып жатқан азық-түліктердің шариғат талаптарына сай немесе сай емес екендігін қалағалау болып саналады. Қасиетті Құран Кәрімде «Ей, адамдар! Жер бетіндегі таза, адал нәрсені жендер» деп жазылған.

Ал Ержан қажы Малғажыұлының халал стандарттау бөлімін ашудағы мақсаты — халал индустрияны дамыту болып саналады.

күнге дейін стандарт мәселесін бір жақты шеше алмай отырмыз. Өйткені, стандартсыз не істеп, не қою керек екенін біле алмаймыз. Егер стандартты бір жолға қойсақ, халал индустрия жұмыс жасай бастайды. Бұл — бірінші мәселе. Екінші мәселе, біз техникалық реттеу комитеті «Халал индустрияны қалай дамыту керек?» деген мәселеге байланысты жоспар жасаған болатынбыз. Аталған жоспар бойынша техникалық парктер ашу керек екені айтылды. Соның ішінде халал өнімдеріне баса назар аударылуы керек тұғын. Өкінішке қарай, бізде бұл жоқ болып отыр. Қазіргі таңда халал мәселесі бойынша мемлекеттік мекемеде бірде-бір эксперт-аудитор жоқ. Себебі эксперт-аудиторлар мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс жасап жатыр. Халал индустрия болғандықтан, эксперттер тек қана шариғат жағынан ғана емес, сонымен қатар технология мен техника жағын да білу керек. Бір қызығы, ондай мамандықты жоғары оқу орындары дайындап жатқан жоқ. Сондықтан да үкімет халал мәселесіне қатысты арнайы заң қабылдауы керек.

«ТАҢБА ТУРАЛЫ ЗАҢ КЕРЕК»

Қалқаман Сарин: Марат аға, біз халал десе, ең бірінші сізді еске алатын болдық. Халал мәселесі бойынша елімізде қандай проблема бар деп ойлайсыз?

Марат Сәрсенбаев: Біздің халал белгіміз әлемде мойындалған. Ал бұдан басқа еліміздің халал белгісін шетелде танымайды. Өйткені, біз халықаралық талап бойынша патент алдық. Қазіргі таңда халал индустрия дамыды. Өйткені, халал стандартын беретін компаниялар көбейіп келе жатыр. Негізінен, мен бұған өз басым қуанамын. Өйткені әрқашанда бәсекелестік болуы керек. Бір адам монополис болып, бір жерде отырмауы керек. Бірақ шешілмеген проблема көп. Жасыратыны жоқ, бүгінде халал мәселесіне үкіметтің өзі де назар аударлады. Мәселен, Елбасының өзі халалға қатысты жақсы ой айтқан болатын. Соның арқасында ауыл шаруашылығы министрлігі назар аударып, бірқатар шаруаларды жасалды.

Қазіргі таңда ет өнімдерінің 60 пайызы халал болып шығып жатыр. Ал бірақ соның бәрі халал ма? Бір Алматының өзінде 3 мыңнан артық халал өнім өндіретін орын бар. Мен 600 компанияға сертификат бердім. Соның 400-і бізбен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап жатыр. Ал оның 200-і маусымдық жұмыспен айналысатын кәсіпкерлер болып саналады. Аталған кәсіпкерлердің шығарған өнімін тексеріп бақылап тұруға мүмкіндік бар. Алайда кейбір компаниялар онды-солды сертификат бергенімен, оны мұқият тексеріп жатқан жоқ. Таңба туралы заң орындалмайынша, халал мәселесіне бір жақты шешіп тастау мүмкін емес. Сондықтан да ең бірінші кезекте таңба туралы заң болуы керек.

«ХАЛАЛ МӘСЕЛЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҰРҒЫДАН ШЕШУ КЕРЕК»

Қайрат Жолдыбайұлы: Жаңа діни басқарманың өкілі «біз сертификат береміз. Бірақ олар талапты бұзатын болса, құқықтық

Дайындаған Серік ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ

Ал біздің археолог-тарихшыларымыз Қазақстан жерінде ежелгі адамның қазынды қалдықтары әзірге кездесе қоймағанына қарамастан, олардың мекен еткен аудандарының бірі — Қаратау жотасы болғанын анықтап отыр. Арыс өзені жағасындағы Кіші Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөлігінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде ертедегі адамдардың еңбек құралдары болып табылатын. Ірілі-ұсақты шақпақ тастардың табылуы осыған айқын дәлел бола алады. Қаратаудың алғашқы тұрғындары от жағып, оны сөндірмей ұстай білген. Олар ан аулаумен, тамақ болатын өсімдіктерді жинаумен шұғылданған. Орталық Қазақстан жеріндегі қазбаларға қарағанда, осы манда орналасқан ежелгі адамдар еңбекке тас құралдарын кенінен пайдаланған. Олар тастарды үшкірлеп, үлкен-үлкен қырғыштар, әртүрлі дөңгелек құралдар жасап, қажеттеріне жарата білген.

Б.з.б. 2 мың жылдықтың ортасында Қазақстан жеріндегі тайпалар қола заттарын жасауды меңгерген. Қазақстан жерінде түсті металдар өңдеуге, әсіресе мал өсіруге мықтап көңіл бөлген. Сөйтіп, б.з.б. 2 мың жылдықтың аяғында — I мың жылдықтың басында дала халықтары шаруашылықтың жана түрі — көшпелі мал шаруашылығына ауысады.

Міне, бұл қазақ жерінің ежелгі тарихы туралы біздегі әбден қалыптасқан ұғым. Яғни біздің жыл санауымыздан екі мың жыл бұрын ежелгі қазақ жері — тас, қола дәуірін бастан кешіп жатқан-мыс. Ал өзге жұрттар тас, қола дәуірін әрісі 140 мың, берісі 40 мың жылдың алдында бастарынан өткеріп жатыпты. Бізге олай деп айту, бір түрлі ұят сияқты. Тіпті қазақ хандығы құрылудың алдындағы ежелгі түркі тайпалардың өзін «ата-бабамыз» десен, өзге емес, өзіміздің ішіміздегі білгіштер «қой-ей, ұят болады» деп, беттері ду ете түседі.

Біз «қытай» деп жүрген халық өздерін «ханьзу» дейді. Бұл «хань ұлты, хань жұрты, хань халқы» деген мағынаны беретін сөз. Бұл атау оларға қытай тарихындағы Хань патшалығы (б.з.б. 202 ж. құрылып, б.з. 220 жылы жойылған) тұсында берілді. Соған қарамастан, қытай жерінде болған арғы-бергі хандықтар мен өркениеттердің бәрін қытайға меншіктеп жазып, айта береді. Оған бір пенде «неге бұлай?» деп жатқан жоқ. Керісінше, «қытайдың 5000 жылдық өркениет тарихы бар» деген пәтуаны әлем жұртының санасына сіңіріп болды. Ал бізде болса, өркениет тарихымызды 2000 жылға, тіпті шырқағанда 4000 жылға апарсақ, өзге емес, өзімізді сендіру қиын. Неге, біз осылай болып қалдық?! Неше ғасырлық құлдықтың әсері шығар, бәлкім...

Жуырда Тайванның мемлекеттік телеканалының «Шешуші сәт» атты бағдарламасында Қазақстан туралы арнайы хабар берілді. Телехабарға жүргізушіден басқа, тарихшы-археолог, Орталық Азия зерттеуші, саясаткер-ғалым қатысты. Тарихшы-ғалым АҚШ-тың Әуе кеңістігі және ғарыштық кеңісті зерттеу ұлттық агенттігінің ғарыштан түсірген суреттеріне сілтеме жасай отырып, «Қазақ жеріндегі өркениеттің тарихы 8 мың жылды құрайды» деп мәлімдеді. Ал саясаткер-ғалым Қазақстанның бүгінгі ұшқан құстай дамыған әлеуетін тілге тиек етті. Төменде біз сол телехабардың қысқаша стенограммалық нұсқасын назарларыңызға ұсынамыз.

Жүргізуші: Біздің қазір көріп отырғанымыз, NASA-ның (National Aeronautics and Space Administration) түсірген суреті. Бұл қазақ даласындағы көлемі жағынан ең үлкен, адам қолымен жасалған белгілер. Яғни біз білетін нақас сызықтары сияқты әдетте жай көзге көрінбейтін, бірақ аспаннан төменге қарай немесе спутник картасынан қарағанда, көне дәуірдегі адамдардан жер шарында қалдырған түсініксіз жұмбақ күйінде қалған белгілер. Сонда, осы бедер-белгілерін қалай түсінуге болады?

Тарихшы: NASA-ның ақпараттық құралдарында жариялаған қазақ даласындағы жұмбақ күйінде қалып келе жатқан белгілердің суретін көріп, көптеген ғалымдар қатты таң қалған. Ғалымдардың білуінше, нақас сызығы жайдан-жай пайда болмаған. Осы спутниктік картадан қарағанда, қазақ жерінде 260-тан астам белгілердің суреттерін анық көруге болады. Топырақтан үйіліп жасалған көптеген төбелердің пошымы бір-біріне өте ұқсас. Кейбір сызықтардың бір-біріне сәйкестігі де, әсте кездейсоқ емес. Әрбір сызықтардың ұзындығы және ені 200 метр болып келеді. NASA 110 топырақ төбеден құралған дөңгелек немесе төрт бұрышты белгілер және ағылшын тілінде «X» әріпіне ұқсас келген белгілерді байқалған. Бұқаралық ақпарат құралдарында NASA бұл белгілерді 2013 жылы байқағаны туралы айтады. Google сайтының картасынан да бір ерекше таңғаларлық жаңалық байқалды. Ол жерден де


Ежелгі тас дәуірі – адамзат тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі. Африкадан табылған соңғы материалдар негізінде адамзат өміріндегі ең ілкі кезеңді қамтитын ежелгі дәуір бұл күнде «олдүвэй» дәуірі деп аталады. Ол (б.ж.б.) 2,5 млн жылдан басталады. Ежелгі тас дәуірінің одан кейінгі екі кезеңі – 800 мың жылдан 140 мың жылға дейінгі дәуірді қамтиды. Көптеген зерттеушілер орта палеолитті біздің заманымыздан бұрынғы (б.з.б.) 140–40 мың жылдықтарға жатқызады. Соңғы тас дәуірі 40 мың жылдықтан, 12 мың жылдыққа дейінгі уақытқа сәйкес келеді екен.

ҚАЗАҚТЫҢ 8 МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫ БАР

Бұл туралы тайвандық ғалымдар мәлімдеді



қазақ даласынан 46-ы бес жұлдызды шеңберді анықтап көруге болады. Бұл көрініс ғалымдардың қазақ даласына деген үлкен қызығушылығын тудырып отыр. Кейін ғалымдар спутник арқылы 260 төбешіктерді анық байқады. Бұл айтып отырған төбешіктер ағаш және топырақтан үйіп жасалған. Ғалымдар тарихи деректерге сүйене отырып, бұл төбешіктердің 8000 жыл бұрын пайда болғанын айтып отыр. Бұл төбелердің тағы бір ерекшеліктері, барлығы биіктігі — 3 метр, ал



ені 1,8 метр. Тағы бір ерекшелігін айтатын болсақ, ол табиғи апаттық жағдайларға төзімді болып келеді. Анықтап айтқанда, бұл төбешіктердің аралығында арнайы арналардың болуы. Бұл үш бұрыш, төрт бұрыш, бес жұлдызды бұрыштардың сызықтары дәлме-дәл кескінделген. 8000 жыл бұрын ауыр техника құралдары мүлдем болмаған жағдайда, осы сызықтарды қалай дәлме-дәл кескіндегенін ғалымдар да түсіндіріп айта алмай отыр. Міне, бұл қазақ даласындағы бір жұмбақ болып қалып отыр. Деректерге сүйенсек, (қазақтың) 1600 жылдан бері тарихы анықтап жазылған. Ал одан бұрынғы тарихта қазақ ұлты көшпенді малышы

айдың ішінде 64000 мың бас қырылып, бейуаз жануардың түбегейлі жойылуына әкеліп соқты. Бір қызығы, киіктің тек аналықтары ғана жаппай қырылған. 2013 жылдың мамыр айында төрт күннің ішінде 60 мың бас қырылды. Өлген аңның денелерінде еш қандай табиғи апат немесе жұқпалы аурудың белгілері байқалмаған. Осы жоғарыда айтылған құбылыстардан қазақ даласының құпияға толы екенін аңғаруға болады.

Саясаткер: Деректерге қарағанда, қазақтар дала халықтарының ішіндегі ең ер жүрегі болып есептеледі. Қазақ халқының бұл ерекше қасиетін тарихта Шыңғыс хан да мойындаған. Басқа бір деректердің мәліметінше, Ресей патшалығы заманында қазақтың соғыста алдыңғы шепте жіберілуі де, қазақ халқының ер жүрек екенін мойындатқан. Кейінгі деректерде, яғни 1941-1945 жылығы Екінші дүниежүзілік соғысында да алдыңғы шепте көбінде қазақтар болған. Қытай деректерінде қазақтар түркілердің ұрпағы емес, олар өзінше дара ер жүрек халық болған делінеді.

Бүгінгі таңда қазақтардың көшпенді, далалық ұлт болғандығының бір белгісі — саятшылық өнері. Бұл — көшпелі қазақ халқының негізгі көрнекті белгілерінің бірі. Бұл құсбегілік өнер қазақ халқының өршіл рухы мен қайсарлығын көрсетеді. Бүркіттің түрлері

өте көп. Байқасаңыз, Қазақстан дүниежүзі бойынша жер көлемі жағынан 9-орында тұр. Әлемдегі ең ірі құрлық мемлекет. Біз қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, қазақ халқының тарихта көшпенді ұлт болғанын білеміз. Қазір олар құрып отырған мемлекет, олардың салған қалаларына таң қалмасқа амал жоқ. Ол елдің кісі басына шаққандағы орташа жылдық табысы 15 000 АҚШ доллары, бұл көрсеткіш Тайван халқының жылдық жеке кірісімен пара-пар. Сондай-ақ Қазақстанның мұнай қоры өте мол. Ал қазіргі қазақ елінің Елордасы — Астана қаласы заманауи, өте дамыған қала. Қазақстан астанасын көшіріп, қысқа ғана он шақты жылда 154 миллиард АҚШ долларына Астана қаласын салды. Қазіргі кезде Қазақстанға көптеген Таяу Шығыс елдері инвестиция салуда, сонымен қатар Жапония, АҚШ елдері Қазақстанға келіп, кәсіпорындар ашып жатыр. Дегенмен,





E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Шара



«Өнерім саған»

Ауылым»

Міне, мерейлі мереке, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығын атап өтуге байланысты Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Б.Атамқұловтың төрағалығымен биылғы қыркүйекте өткен мәжілісте аудандар мен қалаларға, шалғайда орналасқан елді мекендердің тұрғындарына мәдени қызмет көрсету мақсатында облыстық өнер мекемелерінің гастрольдік іс сапарларын ұйымдастыруды тапсырған еді.

Осыған орай, әкімшілік-іскерлік орталығының алаңында «Өнерім саған – ауылым» ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына – 25 гастрольдік сапар және «Кітапханалық керуен – 25 ауылға» жобасы аясында облыстық 8 кәсіби театр, филармония, «Оңтүстік-Цирк», «Оңтүстікфильм»

мекемелері мен облыстық кітапханаларды сапарға шығарып салу салтанаты өтті.

Атап айтқанда, гастрольдік сапарымен облыстық әзіл-сықақ және сатира театры Түлкібас ауданының Машат ауылына, облыстық қуыршақ театры Сайрам ауданының Ынтымак ауылына, Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры Сарыағаш

бастап та кетті. Ал, «Кітапханалық керуен–25 ауылға» автокеруені Сайрам ауданының Қарабұлақ ауылының тұрғындарымен кездесті. Бұл мәдени шаралар тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы мерекесіне дейін жалғасын таппақ. Әр мәдениет және өнер мекемесі облыстың барлық аудандарындағы 25 ауылға тоқтап, әр аялдамада

спектакльдер мен концерттік, цирктік бағдарламалар, кездесу кештері өткізіледі деп жоспарланып отыр.

Салтанатты іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Сәдібеков Ұласбек Сәдібекұлы мен жазушы, драматург, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығы мен «Парасат» орденінің иегері Мархабат Байғұт қатысып, ауыл-елмен жүздесуге аттанғалы тұрған өнер ұжымдарына ақ жол тілегін білдірді.

Іргі іс

Өңір басшысы Б.Атамқұлов 1 қазан – Халықаралық қарттар күні мерекесіне орай ұйымдастырылған салтанатты шараға қатысып, қазыналы қарияларды мерекемен құттықтады, бірқатар ардагерлерді марапаттады.

«Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ардагерлер – біздің алтын қорымыз, мақтанышымыз» деп әрдайым өзінің ардагерлерге деген құрметін

Неменеге жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр? – деп ақиық ақын Мұқағали жырлағандай, қариялар – қоғамның баға жетпес қазынасы. Қашанда аузы дуалы, көңіл көкжиегі қазыналы көнекөз қариялар – салт-дәстүрдің бұзылмауына, жас ұрпақтың дұрыс бағыт-бағдар мен тәлім-тәрбие алуына, ұлтымызды ұлт ретінде қалыптасуына, дініміз бен діліміздің, тіліміздің сақталуына,берекеміздің кіріп, тыныштықта, ынтымақта өмір сүруімізге ерекше себепкер екені даусыз. Жыл сайын келетін қариялар күні Оңтүстік Қазақстан облысында да атаусыз қалған жоқ.

үйі» мен «Мейір» ардагерлер үйінде жылына 8 мыңға жуық адам ем алып, демалады.

Мереке күні облыс әкімі Б.Атамқұлов тыл ардагері Нина Лычагинаның отбасына арнайы барып құттықтап, сый-сияпат табыс етті.

Сондай-ақ екінші дүниежүзілік соғысының ардагері Сәрсен Әбдінұровтың шаңырағында болып, мерекемен құттықтады.

Мұхтар ЖҰМАШҰЛЫ



«Қарттарым – ҚАЗЫНАМ»

білдіріп отырады. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіздің орны біз үшін қашанда бөлек. Қадірменді ардагерлер! «Қарты бар ел – қазыналы ел» дегендей, Сіздер біздің қазынамыз болумен қатар, бағыт-бағдар беретін даналықтың сарқылмас бұлағысыздар», – деді аймақ басшысы. Сондай-ақ мерекелік шарада облыс әкімі «Қарттарым-қазынам» облыстық акциясын өткізуді ұсынды.

Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында облыстағы ардагерлерімізге жан-жақты қамқорлық шараларын ұйымдастырып, барынша қолдау көрсетуді мақсат тұтқан жиынға атқарушы, өкілетті, құқық қорғау органдары, кәсіпкерлер мен облыс тұрғындары шақырылды.

Айта кетейік, облыста 220 мыңнан астам зейнеткер бар. Оның 300 екінші дүниежүзілік соғысының ардагері. 21 мыңға жуық тыл еңбеккері есепке алынған. Бүгінгі таңда мемлекетпен кепілдендірілген төлем көлемі жыл сайын көтерілуде. Облыстық және жергілікті бюджет қаржысы есебінен де түрлі әлеуметтік қолдау ұйымдастырылып келеді. Атап айтқанда, 3 мыңнан астам соғыс ардагері мен аз қамтамасыз етілген қариялар облыстық басылымдарға тегін жаздырылады. «Қамқорлық» акциясы шеңберінде биылдың өзінде 11 мыңға жуық ардагер қоғамдық көліктерде тегін жүруге, коммуналдық қызметтерге жеңілдік алды.

Ардагерлерді сауықтыру мәселесіне де ерекше мән беріледі. Мұқтаж азаматтарды сауықтыруда облыс орталығындағы «Ардагерлер

Жүсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық музыкалы драма театрында Ш.Айтматов атындағы халықаралық сыйлықтың лауреаты, Тарлан платина сыйлығының иегері, Қазақстанның халық артисі Кәукен Кенжетәевқа арналған естелік тақта ашылды.

Павлодар облысы Баянауыл өңірінің тумасы, қазақ өнерінің дамуына өзінің зор үлесін қосқан, опера әншісі, киноактер, режиссер, өмірінің көп жылдарын Т.Жүргенов атындағы өнер институтының қабырғасында шәкірттер тәрбиелеуге арнаған.

Сонау, 26 жыл бұрын Павлодарда қазақ театрын ашарға шешім қабылдағанда Кәукен аға бір топ өзінің шәкіртіне жолдама беріп, Керекте ертіп апарып, өнер ордасының шаңырағын көтеруге қолғабыс жасаған. Бүгінгі күндері

КӘУКЕНГЕ ҚҰРМЕТ



ол кісінің шәкірттері еліміздің мәдениет қайраткері Талжібек Атамбек, Ақық Тасбаева, Толқын Абдрахимова, Бейбіт Шөнім және басқалары Ж.Аймауытов атындағы қазақ музыкалы театры

ұжымының негізін құрап отыр. Тағы бір шәкірті – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұхтар Байжұманов осы театрға басшылық етуде.

Кәукен Кенжетәевқа естелік тақта ашуға Павлодар қаласының мәдениет, өнер қайраткерлері, еңбек ардагерлері қатысты. Кәукен ағаның туыстары Тоғжан Мұзапаров, Мүгүлсім Аппасова жиналғандар алдында сөз сөйлеп, салтанатты түрде естелік тактаны ашты.

Мұхит ОМАРОВ, Павлодар

Байланыс

Өңір басшысы Б.Сапарбаев «Мемлекет басшысы халықаралық қаржы институттар есебінен экономикаға қосымша қаражат тарту міндетін қойды. Осыған байланысты, біз әлемдік экономикадағы Қазақстанның негізгі экономикалық серіктесі болып табылатын

Соңғы уақытта Ақтөбе облысы әлемнің бірнеше елімен іскерлік байланыс орната бастады. Өңір басшысы Бердібек Сапарбаев Дүниежүзілік банктің еліміздегі тұрақты өкілі Ато Браунмен кездесті. Екі күндік арнайы жұмыс сапарының барысында Ато Браун мырза санаулы күн бұрын өткен «AktobelInvest – 2016» IV халықаралық инвестициялық форумына да қатысты.

ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСУЫ ҮШІН...



Дүниежүзілік банкпен ынтымақтастық көкжиегін кеңейтуге мүдделіміз. 1992 жылдан бастап, аталған банк ел экономикасының дамуы мен маңызды әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда белсенді қолдау көрсетіп келеді. Сондай-ақ Ақтөбе облысы да Дүниежүзілік банкпен тығыз жұмыс істейді. Қазірдің өзінде бірқатар жобаны іске асырды», – деп атап өтті.

Өз кезегінде, «Ақтөбе ақпарат» орталығының өкілі Шыңғыс Ілиястің айтуынша, дүниежүзілік банктің қолдауымен облыстың көлік-логистикалық әлеуетін арттыратын жоба жүзеге асырылды. Атап айтқанда, Ақтөбе облысын Қазақстанның оңтүстік өңірлерімен жалғайтын Оңтүстік-Батыс көлік дәлізі «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автожолының құрылысы жүргізілді.

Қазіргі уақытта, Ақтөбе облысын Астана қаласымен тікелей байланыстыратын «Орталық-Батыс» аймақтық автожол дәлізін дамыту бойынша бірлескен жобасы әзірленуде.

«Ақтөбе ақпарат» орталығының өкілі Шыңғыс Ілияс «Сондай-ақ Дүниежүзілік банктің қолдауымен бірнеше салада институционалдық әлеуетін жақсарту мақсатында және басқа да жобалар жүзеге асырылып жатыр», – дейді

Мысалы, Ақтөбе қаласындағы облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы және Алға қаласындағы облыстық балалар үйі «Энергия үнемдеуді арттыру» жобасы бойынша энергетикалық пайдалануды қысқартуға бағытталған грантка ие болды.

КӨКЕЙКЕСТІ



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

кеткенде, жағдайым не болар еді?! Ондағы соғысқа барып, бейбіт елімнің тағдырынан айырылар едім. Біздің уағыздаушыларымыз радикалды бағытқа үндейтін! Өз арамызда, тіпті сабақтар болатын. Skype желісі арқылы әрбір жердегі жамағаттарымызбен онлайн сабақтарды арамызда өткіземіз. «Жезказған», «Қарағанды», «Атырау», «Ақтөбе», «Жаңаөзен», «Ақтау», «Алматы» т.б. қалалардағы жамағаттарымызбен тығыз байланыстамыз. Түрлі әлеуметтік желіні

Алтын сандық

Тірлікте мәңгі өлмейтіндердің бірі — кітап, оны құртып жіберетіндей құдіретті күш жоқ. Кітап — тәрбие бастауы. Көне заманнан жеткен асыл жәдігердің бірі — «Қабуснама». Бүгінгі өскелең ұрпаққа шалағаты тиер деген ниетпен шығармадан үзінді ұсынамыз.



Өнердің абзалдығы, қадір-құрметі және өнегелі болуы туралы

Алтыншы тарау

Ей, перзентім, есінде болсын, өнерсіз жан — өнегесіз, оның ешкімге де пайдасы тимейді. Ондайлар бұтасы бар да, көленкесі жоқ тікенді шонайнаға ұқсайды. Өзіне де, өзгеге де пайдасыз болады. Егер адам текті асылзада әулетінен болса да, өнері болмаса, халықтың ізет-құрметінен мақұрым қалады. Нәсіл тауһарынан да, өнер өрнегінен де құр алақан жанның тағдыры одан да жаман болады. Жаратылыстың текті, асылзада, сұлу болғанға мастанба, Өйткені тектілік пен тән сұлулығы өнерпаздық жан сұлулығымен толықтырылмаған жағдайда, еш нәрсеге де арзымайды.

Мысалы, ұлы дәрежелі болу, шыққан тегіне емес, ақыл-біліміне байланысты. Ата-ананың қойған жасы есіміне де есірме. Ол бір сыртқы сыпаттан басқа ештеңе де емес. Қалайда сен өнерлі болып, жұзсы атакка ие болу үшін талаптан. Егерде саған «Жағфар», «Мұхаммед», «Ахмед», «Ұстаз», «Қожа», «Білдар» деп ат қойғанмен, сол атына сай ісін болмаса, ол саған лайықты ат болмайды.

Егер адам текті асылзада болғанымен, өнері болмаса, оны ешкім де елемейді. Бұл екі тауһарға бірдей ие болған адамды көрсен, етегінен ұстап, қолыңнан шығарма. Мұндай жан жалпы халықтың қажетіне жарайды.

Барлық өнерден сөз өнері жақсы екенін білгенің жөн. Өйткені, басқа жан-жануарлардан адам баласы он түрлі қасиетімен артық. Бұл абзал қасиет тек адамның бойында ғана бар. Оның бесеуі сыртқы тән дүниесіне жайласса, бесеуі ішкі жан дүниесінде жасырынған. Ішкі жан дүниеде: жаттап алу оны ұзақ есте сақтау, қиялдау, ажырата білу, сөз сөйлеу, көру, иіс білу, дәмін тату, тітіркендіргіш сезімдер болады. Бұл қасиеттер басқа жануарларда да бар, бірақ адамдағы қасиетке тең келе алмайды. Сондықтан да адамзат басқа жан-жануарлардың үстінен үстемдік құратын падишасы. Адамзаттың ең абзал қасиетінің бірі — сөз сөйлей білу. Бұл жағдайды жете түсін де, жақсы сөйлей білуге үйрен: сыпайы, анық сөйлеуді әдет қылғайсың, Өйткені қандай сөзді айтуды әдеттенсен, тіл соны айтады.

Сөзді өз орнымен сөйле. Орынсыз айтылған сөз жақсы болса да, жаман көрінеді. Орынсыз айтылған артық сөз опық жегізеді. Егер сөйлеген сөзіңнен бір нәрсенің пайдалы исі сезіліп тұрмаса, ондай сөздің айтылмағаны жақсы.

«Сөз бір шарап сияқты, одан бастың ауыруы да, жазылуы да мүмкін» депті білімдарлар. Біреу сенен бір нәрсені



сұрамаса, жауап бермегейсің, ал сұрай қалса, турасын айтқын. Босқа кететін жел сөзден сақтан. Үгіт-насихатынды тындайтын қарыздар болған жағдайда ғана сөйле. Ықылассыз тындаушыға сөз айтқаннан, тыныш отырған мақұл. Жылған топ ішінде үгіт-насихатынды тек бір кісіге

қарап айтпағын. Өйткені, топ ішінде бір кісіге қарап айтылған насихат емес, керісінше, айыптау болып шығады.

Қыңырлыққа әдеттенген кісіден бойынды аулақ сақта. Өйткені қыңырлыққа әдеттенген жан туралыққа баспайды. Иір ағаш тезге салмай түзелмейді, жонбаса тузу болмайды. Жақсы сөз жан азығы, жақсы сөзге сараң болма. Жақсы сөз тындауға ынталы болмаған кісіден бар ынтасы, есі-дерті мал, дүниеге ауып кетеді. Дөрекі сөйлемей, сыпайы, жақсы сөз айтсаң, сен де жақсы сөз есітесің.

Сортан жерге секпен ұрығың өнім бермейді, еңбегің босқа кетеді, сол сияқты жақсылықты білмейтін кісіге жақсылық істеу, сортаң жерге секпен ұрық сияқты зая кетеді. Ал жақсылық істеуге лайықты жанға жақсылық істеуден тартынба және ол адамға жақсылық істеудің жолын үйрет. Бұл жөнінде «жақсылық істеуді білген, жақсылық істеуді үйретуге де міндетті» деген сөз бар.

(жалғасы бар)

«Бүгінде әртүрлі діни ағымдар пайда болды. Мешіт қызметшілері түрлі теріс ағымдардың қандай екенін, ал исламдағы дәстүрлі бағыттың қайсы екенін дұрыс түсіндіру үшін халықпен, әсіресе жастармен жұмыс жүргізе білуі керек. Еліміздегі дәстүрлі исламның бірден-бір мойындалған құрылымы – Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы. Діни қатынастарды реттейтін жақында қабылданған заңда мемлекет халқымыздың рухани өмірінде исламның ханафи бағытының орны мен рөлін мойындайтыны атап көрсетілді»

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

(ҚМДБ өкілдерімен кездесу барысында сөйлеген сөзінен)

Түйткіл

Ғаламтор арқылы әйел адамның тұрмысқа шығуы үшін, өзіне жарнама жасайтын әлеуметтік желілері өте көп. ВКонтакте желісіндегі «Неке Қазақстан» деген бірлестікте, әйел адамдардың анкеталары жазылған арнайы жазбаларды табуға болады. Жасын көрсетіп, (тұрмысқа шыққан немесе ажырасқандығы туралы т.б.) өзі туралы қысқаша деректені береді. Осы топтан өзіне тіреу болар ер-азаматты іздеген, жиырма бес жастағы

үйіндегі оқулықтарынан дәлелін көрсетті. Кешкі сағат 19:00-де барғаннан, түнгі 04:00 уақытқа дейін осы әңгімеде болдық. Қайтадан көзім байланып, осы жамағаттың мүшесі болып шыға келдім. Екі күннің ішінде басқа жамағатқа ауыстым. Алдында бір-бірімізді тыңдамаймыз деп, екі жамағаттағылар өз



Адасты, түсінді, ортаға оралды

азаматшамен сөйлесіп көрдік. Өзінің шынайы аты-жөнін жасыруды қалаған әлеуметтік желідегі тіркелуші, бізге өз басынан өткен жағдайын айтуға келісті. Сәләфиттік ағымның аясында алты жылғы ғұмырын өткізген екен. Гүлбаршын (аты өзгертілген) есімді азаматшаның ауыр тағдыры, көптеген қыздарымызға сабақ болады деген ойдамыз?!

Мен, ол кездерді мүлдем есімге алғым келмейді... Алайда басқа жандардың мен сияқты қорланғанын қаламаймын. Сондықтан, сізбен өз басымнан өткен жағдайымды баяндауға келісімімді бердім. Ол кезді өмірімдегі ең қорқынышты түс ретінде қалдырғым келеді. Өттен, бірақ оны ұмытар емеспін! Аллаға тәуекел етіп, бақытты өмірді кешермін. Бұны Алланың маған берген ең үлкен сынағы деп қабыл алдым! Жоғары оқу орнын оқып жүріп, Алланың бұйырған бес уақыт намазында қатар алып жүрдім. Басында «Әбу Ханифа» мәзһабын ұстанған болатынмын. Құранның екі парасын сол кезден бастап жаттап алдым. Алайда мешітте өздері жекешеленген қыздармен айтысуды шығардық. Ондағы жанжалымыздың, себебі олардың басқа бағытты ұстанатындығы. Мен, хиджабты кидім. Олардың кейбірі никабта болды. Біз, жиі-жиі олармен айтысып жүрдік. «Сендерге дәлел қажет болса көрсетеміз», — деп, ауызашарға шақырды. Құрбым екеуіміз оларға баруға келістік. Кешке таман барып, дастарқан басында «ал енді дәлелдерінді көрсетіңдер?» — дедік. Ондағы бір топ қыз жан-жақтан бірінін сөзін бірі жайғап, алдымызға өз дәлелін үйгендей болды. Мен құрбыма қарағанда, олармен көп араласып кеттім. Өйткені, сол кезде оларға сеніп, осы жамағатқа бауырым бұра бастады. Ал



құрбым аса мән бере қойған жоқ. Құрбыммен де осы кезден бастап достығымыз екіге айырылды. Ол бұрынғыша мешітке барса, мен мүлдем баруды қойдым. Осылайша, сәләфизмнің уағызшыларын тындап, өмірімді мүлдем басқа арнаға бұрған болатынмын. Құрбым мені ойымнан қайтаруға сан мәрте тырысып бақты. Тіпті ҚМДБ-дағы ұстаздармен де кездестіргісі де келді. Бірақ өзімнен басқасының бәрін бір сөтте адасушыға шығардым. Тек осы жолды ақиқатта деп білдім. Өзіме сондай нақты сенімде болдым. Мәзһабты ұстағанын үшін, адасқан екенмін деген санама ой келген болатын. Осы үшін қатты өкінемін! Бекер сол кезде мешітке қайтадан сұрастырып бармаппын. Бәрібір қазір қайтадан сол кезді қайтара алмаймын. Өмірімдегі ең қорқынышты сәттерім енді басталды. Осы жамағатпен араласып, «суруиттер» деген екінші бір ортамен араласа бастадым. Мадхалиттер де, суруиттер де өздерін «сәләфилер» деп атайды. Алайда ішімізден мақсатымызға қарай осылай бөлінеміз. Айырмашылығымыз аса көп емес. Сондағы бір қызбен жақсы араласып жүрдім. Ол кісінің шетелден де алған білімі бар екен. Мені күнге үйіне қоңаққа шақырды. Бұл жамағаттың қазіргідей атауын білмеймін. Енді ғана сәләфиттік бағытқа қадам басуым. Үйінде маған діни бір-екі сауалын қойды. Мен енді үйреніп жатқанымды айттым. Сонда ол кісі «мурджиттер екенсіз ғой?» деді. Естігенде таң қалдым! Жүріс-тұрысымыз бір болатын. Ол кісі де никабта. Өзімізді әуелгі жолдағыларымыз дейміз. Сөйтсек, тағы ішінен топқа бөлінеді екенбіз. Ақыры осы кісі өз жамағатына мені қоспаққа тырысып,

Біздегілердің жыныстық тақырыбында қыздар мен жігіттер еркін сөйлесе береді екен. Бұны өзім кеш білдім. Бір-біріне ұялмай суретін жіберіп, кәдімгі «сүйем», «шешін» деген сөзін айтатын. Осы жағдайлар мені қатты ойландырып, өзімізді «әуелгі жолдағыларымыз» деуден жиіркеніп кеттім. Басында жағдайым мүлдем қиын болды. Екі күнге әзер нанымды тауып жейтінмін. Басқа амалымыз болмады! Қазіргі кезде Алматының бір саябағында балмұздақ сатушымын. Осылайша, әркімге бір жалданып, әрең дегенде нанымды тауып жүрмін. Күнге аларым 1000-1500 тенге. Азанғы сағат 07:00-ден тұрып, түнгі 22:00-ге дейін жұмыс істеймін. Пәтеріміз арзан болуы үшін алыста тұрамын. Сондықтан да ерте тұрып, күнге жазу бастап қайтамын. Қызымның әкесінен еш жақсылық күтпеймін! Әркімнің ақысын Алла ақыретте алатын. Менің қазіргі мақсатым — қызымды жетілдіріп, ата-анамнан кешіріп сұрап, қайтадан олармен бір отбасы болуды мәңгіге қалаймын.

Бізге ішкі саясат бөлімінің теологтары, ішкі істер министрлігінің ақсақалдар алқасы, имамдар да, дінтанушылар келіп аралайтын. Бірқатар түсіндіру жұмыстарын да жасаған. ҰҚК және ПМ талай рет контакта болып қайтқанбыз. Біз оларды «адасушы» десек, қалай тындаймыз? Біздің білім алатын уағыздаушыларымыз тек өздері ғана тындауға шақырады. Басқа қоғам мүшелерін бізге жиіркенішті етіп көрсетеді. Сондықтан ондай түсіндіру жұмыстарына құлағымызды көбінесе ілмейміз. Қайта Сирияға кетпек болып жатқанда, тәртіп сақшыларының қолына түскеніміз үшін рақметімді айтамын. Егер де шекарадан асып

ішпей, төгіп кеткенім үшін өз-өзімді кешіре алар емеспін. Менде анамын ғой!? Перзентінің бақыты үшін бәрін жасауға даяр...

Әрине! «Ата-ананың қадірін, балалы болғанда білерсің» деп, бұрынғылар бекер айтмаса керек. Осынышама қыздарымыздың бақытсыздыққа тап болып, жастарымыздың өз еліне қару алып жүсігіріп жатқанына не дейміз? Гүлбаршын сияқты көптеген қыздарымыз өзіне қайтадан күйеу іздеп, ғаламтор желілерінде бақытты ғұмыр кешуі үшін үміт етуде. Басынан көптеген тауқыметті өткізіп, ешқайсына мойымай алға ұмтылған осындай қызымыздың қайсарлығына тәнті болдым. Кішкентай ғана періштедей сүйкімді перзенті, жалғыз өзі жетілдіріп жатқан анасына жәрдемші екен. Әкесінің қызы үшін жәрдем бермейтіні, бір рет болсын келіп, ер жетіп жатқандығын көрмей, мүлдем хабарсыз кетуі мына сіз бен бізге ауыр тиері сөзсіз. Осындай тағдырдың себепшісі болған, сырттағы теріс пұғылды діни насихаттың уағыздаушылары екендігі анық. Ал уағыздаушылардың сәләфизм бағытымен білім беріп, тек қана тыңдаушыларын өз жолдарына ғана шақырады. Осыдан соң бір жүйедегі идеологиялар қалыптасып, қоғамымыздың бөлінуіне алып келіп жатыр. Әйел затының шариғаттағы орны мен құқығын таптауға қалай ғана дәттері барады екен? «Дүние молда дін бұзар, қисық арба жол бұзар» деген мақалдың бүгінгі мағынасы, қазіргі қоғамымыздағы болып жатқан оқиғаларды еске түсіреді.

Қадірәлі САРЫПБЕК,
студент



Ретроспективалық сұхбат

ШЕН. АТАҚ. НАГРАДА... «ОЛАРДЫҢ ӨЗДЕРІ КЕЛДІ...»


— Намыс, ар-ұят туралы айтқанда, Сіздің жігер жаныған жалынды сөздеріңіз еске түседі. Сіздің түйсігіңіздегі намыс деген не? — Намыс — азаматтың алтын туы. — Ал осы намыстың өлшемі қайсы? Сипаты неде? — Әке-шешесін сыйлаған балада ғана намыс болады. Оларды ұялтпайын, сүйегіне таңба түсірмейін, өлсем өлейін, бірақ ата-анамды ағайын-жұртымды жерге қаратпайын дейді. — Сіздің өмірлік ұраныңыз қандай болды? — Кайда, қандай қызметте жүрсем де жүректегі ұраным қазактың: «Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді», — деген мақалы болды. Ел намысы ер намысы деп білдім. — Ал арманыңыз ше? — Арманым халқымының намысына дақ түсірмеу болды. — Атаққа қызыққан сәтіңіз болды ма? — Ақындыққа, шенге, атаққа ешқашан да қызыққан емеспін. Олардың өздері келді... Генерал болсам, маршал болсам, герой болсам деген емеспін. Осы атағым да жетеді. Мен награда қуғамын жоқ. Ешкімнен награда сұрағаным жоқ. Мен награда үшін емес, еліміздің тәуелсіздігі, халқымыздың намысы үшін соғыстым.

— Адам қандай сипатымен сыйлы болмақ? — Адам қанша көкке көтерілгенімен топ етіп төменнен бір-ақ шығады. Өйткені, әркім жеткен жеріне дейін барады, жығылған жерінде қалады. Атағына атын сай келсе ғана сыйлы боласын. — Қандай адамды ардақтайсыз? Нені ұнатпайсыз? — Ардақты ананы қадірлеймін. Ары бар азаматты ардақтаймын. Талабы бар жасты құрметтеймін. Маңғазсынған ағаны ұнатпаймын. «Бауке, мына сөзіңіз құдайсық, сіз данышпансыз» деп көзге мақтап көлгірситін ініні жек көремін. Шын дос сыртынан мақтайды. Сайқал ғана бетіңе қарап қылмындайды. Әйелдің сайқалы бірді ғана арбайды, әдебиет сайқалының мыңға зияны тиеді. — Сізді біреулер мақтаған кезде немесе сынаған сәтте қандай сезімде болдыңыз? — Мен өмірімде екі түрлі аңызды басымнан кешірдім. Бір кезде мені жер-көкке сыйғызбай аңызға айналдыра мақтады. Кейінгі кезде әркімдер аңызға айналдыра жамандады. Мақтады деп тасқамын жоқ, жамандады деп жасығамын жоқ. Қара қылды қак жарғанды мақтайды да, боктайды да ғой, қарағым.

— Нені жақсы көресіз? — Қазактың қонақжайлығын жақсы көремін. Қазактың досқа деген мейірбандығын ұнатамын. Қазактың қас-жауға қаһармандығын қадірлеймін. Мұнда Отанды қорғаудың қасиетті сезімі сақталған. Үлкенге жол беріп, құрмет көрсететін, сол сияқты кішіге көмектесіп, ізет істейтін сыпайылығын сүйемін. Жастардың ата-аналары алдындағы перзенттік борышқа адалдығын ардақтаймын. Бұл — адамгершілік негізі. Жас семьядағы жарастықты жаным сүйеді. Бұл — семья — мемлекеттің қауіпсіздігінің негізі. Кәрі-жасының ерінбейтін еңбекшілдігін жаратамын. Бұл — жан-жақты өркендетудің сипаты. Әке мен баланың, ағайын арасының ұйымшыл-дығын ұнатамын. Бұл — мемлекеттік бірліктің басы. Тағысын тағылар...

«ЖАҚСЫ БАСТЫҚ – ЖАРТЫ БАҚЫТ ҚОЙ, ШІРКІН!»

— Өмірбаяныыз туралы жазылған деректерге қарасак, көп бастықтармен сыйыспай, қызметпен қош айттысып, кетіп қала беріңіз? Неге? — Мемлекет мүддесін жүзеге асыруда принципсіздік көрсететін, қарамағындағы адамдардың дұрыс ісін қорғай алмайтын бастықтың қарауында жұмыс істегенше қанғып кетуді артық көремін. — Сонда бастық қандай болу керек? Бастымың бойнан қандай сипатты көргіңіз келеді? — Жақсы бастық — жарты бақыт қой, шіркін! Өйткені, ойлы бастық ұқыпты қызметкерді адам етеді. Ойсыз бастық оқып келген маманды надан етеді. Ал менің қолымнан келетіні ұқыптылық, ыждағаттылық қана. Тапсырылған істі тапжылтпай орындау ғана. Ұғысып істескен қызметтен тәтті тіршілік жоқ-ау тегі деп түйдім сонда. Ауылда сынықты сипап отырып орнына түсіретін сынықшылар болады. Сол сияқты ақылды командирлер де ақырмай-ақ сені ырқына көндіріп, түзетіп алады. Түзетпесе сол қисық күйінде кәдеге жаратады. Өйткені, олар қылшыл қайкы болса да өз қызметін түзу атқаратынын біледі.



— Сіз соғыста өз жауынгерлеріңізге бұйрық бергенде қандай әдісті қолдандыңыз? — Командирдің айтқан сөзі айқын, берген бұйрығы нақпа-нақ болуы керек. Жауынгер командир сөзінің болбыр болғанын ұнатпайды. Өйткені, жауынгер командирден бұйрық қана емес, сол бұйрықты орындайтын жігерді қоса алуы керек. — Адам жігерін жану жауынгерді қаншалықты батыр етеді? — Атақты Холм жорығында, бір деревняда алдынан танк шыға келгенде тайсақтап кейін шегінген жауынгерге: «Ананнан ұл боп туғаның рас болса, ана танкті құрткын!» деп бұйрық бергенім есімде. Содан кейін ол жігіт қайта ілгері ұмтылып, танкті құртты. Мінеки, сөз шындығының күші деген осы. Мен оның анасын айтқанда алғашында қаймығып қалған жауынгер жігерленіп кетті.



Ерлік есеппен істелмейді

Сөйтті де танкті құртты. Бұйрығынды айтып, оның үстіне жанағайдай жанды жанитын жігерлі сөздерді қоссаң, жауынгерге сол жетеді. Бұйрықты орындауға кетіп бара жатқан ол сенің қайратты сөзің есіне түскенде, күліп те алады. Ал күлкі кісіге қайрат береді. Жауға қарсы жылап жылжыған солдат жыраққа жете алмайды. Күліп ілгерілеген солдат қана игілікті іс тындырады.


ӨЗ ПӘТЕРІН КЕЙУАНАҒА БЕРГЕН...

Бауыржан Момышұлына: «Кімді қадірлейсіз?» — деген сауал қойылғанда: «Ардақты ананы қадірлеймін», — деп жауап бергені бар. Батыр Бауыржан атамыз бұл сөзін ісімен де дәлелдеген біз біліп-білмейтін ғибратты оқиғалар көп. Соның бірі — өзіне алған пәтерді кейуанаға бергені туралы оқиға жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңызында» (қараңыз: 32,33-беттер) баяндалған. Оқып көрелік: «Бауыржан бұрын Дзержинский көшесінде, шағындау пәтерде тұрса керек. Қалалық советтен кеңірек пәтер сұрайды. Бір күні оған қалалық советтің қызметкері телефон соғып, сіздің өтінішіңіз орындалды, келіп кең пәтердің ордерін алыңыз дейді. Пәтерімді көрейін деп жаңа үйге барса, есік алдында мұңайып тұрған қартқа орыс әйеліне кездеседі. — Неге мұңайып тұрсыз, шешей? — дейді ойында ештеңе жоқ Бауыржан әйелдің қасына тоқтап. Әйел қалалық советтің осыдан екі бөлмелі пәтер бермек боп уәде етіп келгенін, бірақ дәл ордер берерде ол уәделерінен тайып қалғандығын айтады. — Маған деген үйді бір үш бөлмелік пәтермен біріктіріп, бір полковникке беріпті. Қайтейін, менің де балам соғыста өліп еді. Әрине, ол солдат еді, — дейді. Мұны естігенде Бауыржанның барлық түгі сыртына теуіп шыға келеді. Жирен мұрты едірейіп, электр сымының біріне бірін жақындатқан екі ұшындай болып, шытыр-шытыр ете қалады. Мұңаймаңыз, шеше, қазір ордер беретін жерге барыңыз — пәтеріңіз өзіңізге тиеді, — дейді де Бауыржан мініп келген машинасына отырып алып, қайтадан қалалық советке тартады. — Мен маған біреуге берілген пәтерлерді бер деген жоқпын, — дейді ол бағана қолына ордер ұстатқан қызметкерге келіп. — Мына ордерді жыртыңыз да, пәтерде бұрын уәде етілген адамдарға беріңіз! Осылай деп ол қолындағы ордерді қайтарып береді. Қалалық совет қызметкері қалбалақтап: — Ол адамдарға пәтер кейінірек беруге ұйғарылған еді. Сіз пәтер сұраған соң сол екеуін қосып, сізге қамқорлық жасайық деген едік... — Молчаты! — дейді Бауыржан көзі ежірейіп, мұрты одан сайын тікірейе түсіп. — Маған мұндай қамқорлықтың керегі жоқ. Жиырма минуттан кейін маған телефон соғып, бұл пәтердің бұрынғы иелеріне берілгендігін хабарлаңыз. Понятно вам?! — Түсінікті, түсінікті, жолдас Момышұлы. Тек сіздің берген пәтерден неге бас тартып тұрғаныңыз түсініксіз. — Ол солдаттың анасы ғой!.. Енді ұғынықты ма сізге? Қызметкер басын изейді. Расында да ол бірсыпыра уақыттан кейін Бауыржанның үйіне телефон соғып, жаңа пәтердің бұрынғы иелеріне ордер жазылып бергенін хабарлайды. — Ордер алғанда олардың қуанышында шек болған жоқ, — дейді қызметкер. — Әсіресе қарт ана қатты қуанды. Сіздің Бауыржан Момышұлы екеніңізді білгенде... ол жылап жіберді...» дейді. Содан бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Бауыржанға Фурманов көшесінен басқа пәтер берілген екен...» Алла тағала өзгеге мейірім көрсеткен пендесін Өз мейіріміне бөлейді дегені осы.

«Күліп» дегеннің солдаттың жынданған кісіше өз-өзінен қарқылдап күлуі емес, бұйрықты орындауға іштей жігерленіп, қайраттанып баруы деген сөз екені түсінікті ғой саған?

— Түсінікті! Ендеше, бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанның сарбазына қандай ақыл-кеңес айтасыз? — Офицер психолог, адам жанын сезгіш болуы қажет. Идеалық жағынан суатты, жан-жақты білімді болу — әрине, оның өз борышы. Шен алу мен шекпен жанарту жағын ең алдымен ойламай, өзінің әскери және саяси салада өсуі үшін күш салуы керек. Ал шен мен лауазым офицердің жеке іскерлігіне берілген әділ баға есебінде өзінен-өзі келеді. Өзінің қолындағы техниканы, дастарқан үстіндегі қасықты жұмсағанындай, жақсы игеріп, жұмсай алатын саналы, намыскер, инициативты, белсенді жауынгер — міне, нағыз жауынгер тұлғасы осы. — Сіз өз бойыңыздағы тағы қандай мінезді, нендей жақсы сипатты мақтаныш етесіз? — Мінез деген басы қатты жүйрік қой, қарағым. Әр адамның мінезі — астындағы тұлпары. Соның ағынымен адамдар өмірден зымырап өтіп жатады ғой, әйтеуір. Еркекті бұзатын екі құмарлық — арақ пен әйел болса, жас кезімде осы екеуінен де аулақ болғанымды мақтанышпен айта аламын. — Бір сөзіңізде ерлік есептің ырқына көңбейтінін айтпысыз? Мұның сыры неде?

— «Сактықта қорлық жоқ» деген қазақтың мәтелі бар. Бұл рас сөз. Бірақ ерлік сактықтың жетегінде жүрмейді. Өйткені сактық — есеп. Ерлік есеппен істелмейді. Ерлік ешқандай есепке көнбейді. Ерлікті сантиметрлеп өлшеп, грамдап салмақтап, секундтап санай алмайсың. Ерлік адам жанының лап еткен жалыны, жарқ еткен найзағайы.



Ерліктің негізі сүйіспеншілік. Кісі сүйгенінің құлы да, құрбаны да болады. Отанын сүйген солдат ол үшін отқа да, суға да түседі. Сөйтіп саналы түрде ерлік жасайды. Бірақ солдат оны ерлік жасадым деп есептемейді. Азаматтық міндетімді атқардым, Отан алдындағы перзенттік борышымды өтедім деп қана біледі. Ерлік жасаған сәтте солдаттың басындағы ой осы ғана болады. Өзінің ерлік жасағанын өлген солдат білмей кетеді, тірі қалған артынан ұғады. Онда да алғашында ол ондай ерлік жасаған мен емес, басқа біреу болар деп ойлайды. Мінеки, ерліктің ешқандай есепке көнбейтіні де сондықтан!

ЖАУДЫ ҚОНАҚ ЕТКЕН...

— Кімге қарыздарсыз? — Қазір көшеде жұпаны киінген мүгедек жанды, балдакқа сүйенген ақсақал азаматты немесе білегіне қара протез жалғаған шолақ қол адамды көрсем, соларға қаншама қарыздар екенімді ойлап, басымды изеп, иіліп өтемін. Өйткені, соғыстан менің он екі мүшем аман болғанымен, мен үшін басқалар жараланды. Мен аман келгеніммен, мен үшін өзгелер опат болды. Ал мен де өзгелер үшін қан төктім, солар үшін жараландым. Адамдар бір-біріне өзара қарыздарлығын әрқашан да ойлай жүрулері керек. Әсіресе, Отан соғысы ардагерлерінің еңбегін ерекше бағалай білуі қажет. — Сіз соғыста не үшін жауды қонақ еттіңіз? — Олар бізге көп қорлық көрсетті. Бірақ біз тұтқындарды қорламадық. «таспен атқанды аспен ат» деген. Мен немістің жиырма жеті генералының алдына халқымыздың ақ дастарқанын жайып, қонақасы бердім. Енді елімізге тиіссендер дәм ұрсын! — дедім.

— Найн, найн! — деп олар бастарын шайқап, көздерін жыпылықтатты. Арий қанды зиялы генералдар алдарындағы асты аш қасқырдай түтіп, жеп жатты. — Адам қателеспес үшін не істеу керек? — Үлкен өзендерде пароход жүзіп келе жатқанда арнаулы адам судын тереңдігін үнемі өлшеп отырады. Өйтпесе, пароход қайырлап, бөгеліп қалады. Немесе оның винтіне зақым келіп, істен шығады. Алған жүгін тиісті жеріне уақытында жеткізе алмайды. Адам да пароход сияқты. Ол да өзінің алдын үнемі оймен өлшеп отыруы керек. Ойланбаған орға жығылады, опық жейді. Оған өзінің өр көкіректігін, өзімшілдігін ғана кінәлі. Бұл сенің ақылсыздығыңнан істелетін іс емес. Ақыл да ойлағанды ұнатады. Ойланып-толғанған адамға ғана ақыл дұрыс жол көрсетеді. — Қатты қателескен кезіңіз болды ма? — ГУК-тың бастығы армия генералы Филипп Иванович Голиков маған алдымен Кавказға бригада командирі болып баруды ұсынды. — Мен дивизия командирімін. Оның үстіне академия бітірдім. Бригада командирі болып бармаймын, — дедім Голиковке. Соғысты бітіріп, академияны тауысып, кеудеге нан пісіп жүрген кез еді ғой ол, қарағым. Генералға тура осылай дедім. — Онда корпус штабының бастығы болып барыңыз деді. Бұл үлкен қызмет еді. Жаман аған ақылсыздық жасады, қарағым. Жарайды, рақмет деудің орнына Голиковке: — Мен сап командирімін. Ешқашанда штабта отырған емеспін, — дедім. Голиков бетіме қарап отырды да: — Жолдас полковник, Сіз асқактықтың сазайын тартасыз. Бара беріңіз, — деді.

Ағат кеткенімді артынан білдім. Бірақ қайта барып, генералдан кешірім сұрауға өрлік мойын бұрғызады. Орынсыз өрлік адамды өкіндірмей қоймайды ғой, қарағым. — Бұл қателіктен қандай сабақ алдыңыз, не түйдіңіз? — «Семіздікті қой ғана көтереді» деген даналық сөзді халық тегін айтпаған ғой. Менің өмірімде жіберген ең үлкен қателігім осы болды. Осы қатемді ойласам күні бүгінге дейін екі бетім дуылдап қоя береді. Адамгершілік, азаматтық арым өзімді өмір бойы осы үшін айыптаумен келеді. Өмірінің қатесін ешкім де өз аузынан айтып бермейді. Өйткені, оны мойындау қиын, өзгеге мәлдіретіп айтып беру одан да ауыр. Мен саған имандай сырымды айтып отырмын, қарағым. Оның себебі менің дұрысымды көрген жұрт бұрысымды да білсін. Бір адамның өмірі мың адамға сабақ. Жас ұрпақ менің де жақсыман үйреніп, жаманыман жиренсін. — Сіз өзіңізге сынмен қарайсыз ба? — Өзіне өзі сынмен қарау — онай іс емес. Өзінің қателерінен сабақ алу

әркімнің қолынан келе бермейді. Үлкен бастықтың ондырмай сөккенінен адамды өз арының сөккені әлдеқайда күшті.

— Өмірде не нәрсеге көз жеткіздіңіз? — Әйелді қорлаған еркекті өмір өкінішсіз жібермейді. Өйткені, әйел — өмірдің анасы, ал асыл перзент анасын ешкімге де қорлатпайды. Өйткені, әйел — киелі халық. Оның киесі өзін қорлаған еркекті бір атпай кетпейді... Менің көзім осыған жетті. Ұзын бой қысқарады. Үлкен дене кішірейеді, адам ақыры өледі. Ол — табиғат заңы. Адам өлгенінен оның еңбегі өлмейді, ерлігі өлмейді, ол атқарған ұлы іс өлмейді. Ұлы іс Отанға деген сүйіспеншіліктен, халыққа деген құрметтен, осы екеуі үшін аяусыз еткен еңбек пен ерліктен туады. Өткен Отан соғысында он тоғыз-жиырма жасар азаматтар ерекше ерлік көрсетті. Жиырма жас тарихи ерліктер жасайтын жас. Осыған әрқашан да әзір болу керек.

«АДАМДЫ БҰЗАТЫН НӘРСЕ: АТАҚ, АҚША, АРАҚ...»

— Адамды не нәрсе бұзады? — Адамды бұзатын не? Тағы да сол атақ, ақша, арақ. Осы үшеуі. Төртіншісі әйел демеймін. Алғашқы үшеуінің буына бөртіп, әйелдерді біз — еркектер бұзамыз. — Расында, кезінде Сіздің замандастарыңыз, жалпы халқымыз арақтың кесірінен рухани құндылығынан айырыла жаздады емес пе? Халықты иманы мен тегінен айыру үшін арақты барынша пайдаланды. Біз әлі күнге дейін осының зардабын сезіп келеміз емес пе?.. — Жастар араққа үйір болмауы керек. Арақ адамгершіліктің, азаматтықтың, ақылдың жауы. Арақ азғындыққа жетелейді. Араққа бір үйреніп алсан, одан қашып құтыла алмайсың. Ең алдымен осыдан сақтану керек. Арақ — адамның ішкі жауы. Сыртқы жауды техниканың күшімен құртуға болады. Ал ішкі жауды ешқандай ракетамен атып түсіре алмайсың. Нәпсіқұмарлыққа бір салынып алсан, оны тоқтатуға ғылымның да, білімнің де шамасы жетпейді.

— Сіз өтірік айтасыз ба? — Мен өтірік айта алмаймын. — Бір сөзіңізде адамды табиғат тәрбиелеп тұрған тәрізді депсіз... — Табиғаттың өзі-ақ адамға алуан түрлі сабақ беріп тұрған тәрзіденеді. Қарағайдың түзулігі саған екі иығынды салбыратпай тік жүруді үйретеді. Аспанға шапшы атылған ақ сүттей ақ қайындар сені адалдық пен пәктікке шақырады. Аузын арандай ашқан аш айдаһардың жұтқыншағындай ми батпағы өлім дегеннің не екенін көз алдына елестетіп, өмір үшін жанталаса күресудің тәсілін және ұқтырады. — Отаншылдық, Отан қорғау, патриотизм, ұлтты сую... Осы ұғымдар жайлы Сіздің ұққаныңыз, түйсікке түйгенііз не?

— Отаншылдық — әр адамға керекті ең ұлы қасиет. Ал отаншылдық өз үйіннен басталады. Кімде-кім ата-анасын ардақтаса, сол ата-анадан бірге туған бауырларымен тату болса, өзінің өскен ауыл, қаласын, туған ұлтын сыйлап, қадірлесе сол адам отаншыл болады. Өйткені, өз әке-шешесін ардақтамаған, өзгенің ата-анасын құрметтемейді. Өз ауылының тасын сыйламаған, өзге ауылдың тауын қадірлемейді. Өз ұлтын жақсы көрмеген, өзге ұлттарды ұнатпайды. Мұны ұлтшылдықпен шатастырмау керек. Екеуі аспан мен жердей екенін жастар ажырата білуі шарт. Патриотизм — «Отаным сені сүйемін. Сен үшін құрбан болуға әзірмін» деп құрғақ сөзді гүмпілдете беру емес. Ол — формализм. Елді, жерді, Отанды сүйетіндігінді сөзбен емес, іспен дәлелде. Ата-анасын сыйлаған шәкірт, студент сабағын да жақсы оқиды, тәртібін де дұрыс ұстайды, шаруакер, адал, әділ болып өседі. Іс деген осы, патриотизм осыдан басталады. Кімде кім әскери қызметтен жалтарса, ол патриот емес. Намыскер емес адам — ерлік жасауға бақытсіз. Ерлік — ұзаққа созылған тәрбиенің жемісі.

Жастардың Отан қорғау қызметін атқарып қайтуы — адамгершіліктің ең асыл парызы. Әскерде басбузырлыққа орын жоқ. Өйткені, оның қолында елдің тағдыры — қуатты техника бар. Ал жауынгердің ол техниканы тастап қылдырып, қыз қуалап, арақ андып, қанғып кетуіне болмайды.

— *«Ақ жүрек болып жолдасың, адалдық сені қолдасын. Жақсылық үшін тірессен, жаныңды арың қорғасын. Арыңды болсын шабысың, алымды болсын табысың, найзадай болсын намысың. Ер жігітке бәрі сын. Қиындық көрсең мұқалма, ауырлық көрсең жұқарма, қамқоршы бол кішіге, үлкенді үлгі тұт алға!»*

Бұл қарт өкеніңіз Сізге берген батасы екен. Ата-ананың баласына жасаған дұғасы қабыл болады дейді... — Осы ақ батаны жүрегіме жазып алып мен кеттім. Әкемнің ақ батасын менің арымның, азаматтығымның, адамгершілігімнің ақ туындай етіп, күні бүгінге дейін төбемге көтеріп келемін, қарағым. — Сізден де бата сұраймыз... — Адал болмай азаматпын демегін. Ойран салсан ойлап салғын. Елін сүйген жауынгер ер болады. Жерге терінді төккен, жеміске кенелесін. Отанды сүйіндер, оны қорғандар, оған қызмет етіңдер! Барлық балаландарға ақ ниетпен ақ батамды беремін!

Ретроспективалық сұхбаты дайындаған Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы Баспасөз бөлімінің басшысы, журналист

Лебіз

1974 жыл. Тамыз айының 23-жұлдызы. Бұл — болашақта журналист, кара кылды қақ жарған әділдіктің жаршысы болам деген талапкерлердің өміріндегі ең қуанышты күн. Өйткені журналистика факультетіне оқуға түсу ол жылдары оңай емес еді. С.М.Киров атындағы мемлекеттік университет Қазакстандағы маңдайалды жалғыз жоңары оқу орны болғандықтан, бір орынға талапкер саны 40-50 баладан, тіпті одан да асып түсетін. Ал факультеттің қазақ бөліміне қабылдайтыны 50-ак студент. Бұл оқу орнынан баска жерде *(қазірейді кез келген облыста емес)* журналистика факультеті жоқтуғын. Сондықтан еліміздегі, қала берді Кеңес одағының барлық аймағындағы қазақтардың журналист болам деген кара домалақтары осы университетке келіп, бақтарын сынайтын.

Осы күні бәріміз университеттің *(қазіргі Темірбек Жүргенов атындағы өнер институты)* бас ғимаратының 364-аудиториясына жиналдык. Деканымыз Темірбек Қожакеев оқуға түскендердің тізімін топ-топқа бөліп, санкылдап оқып тұр. Көп ұзамай «Әбдікәрімов Шаһизада» деді шекесі жылтыр деканымыз. Жұрттың бәрі бірден шуласып, ду қол шапалақтады. Декан сәл кідіріс жасап, «не үшін бұлай ерекше құрмет көрсеттіндер» дегендей антарылып тұрып қалды. Жиналғандардың бәрі «ақын-ақын» деп жарыса жамырады. Дәрісхана толы қалың көпшіліктің назары ортада түрегеліп тұрған сары балаға қарай аулды. Мен де солай қарай көзімнің қиығын тастадым. Маңдай шашын оң қолымен сипалап, ұялшақ баладай ийіміп тұр екен. Ал Темкен болса «ақын болсаң көрерміз» дегендей тесіле бір қарап, тізімді одан әрі қарай жалғастыра берді.

Әрине, жұрфакқа түскендердің бәрі осал қыз-жігіттер емес. Сөзге, жазуға келгенде шетінен кілен «сен тұр, мен атайындар». Араларында тек газетке бірінғай мақала ғана емес, әңгіме, өлең жазып, ерте танылғандары баршылық. Алайда солардың ішінде Шаһизаданың есімінің айрықша аталуы сол кездегі студенттердің бәрінің есінде осы уақытқа дейін ерекше сақтаулы. Мұндай құрмет, құдай біледі, Шаһизададан басқа бұрын-соңды ешкімге көрсетілмеген де шығар. Өйткені ондай жағдаятты осы кезге дейін өз басым естігенім жоқ.

Менің кіндік кескен жерім Қызылорда облысымен көршілес жатқан Қарақалпақстанда, арқа тұстағы Қазалы, Қармақшы аудандарымен шекаралас Тактакөпір ауданында. Сол жақта туып-өстім, білім алдым, ержеттім. Жұрттай кітап оқудан алдыма жан салмадым деп айта алмаймын. Қолыма ілінгенін оқыдым. Өйткені жас кезімізде біздің елге қазақша басылымдар сирек келетін. Есейе келе қызықты кітаптарды іздеп жүріп оқыдык. Не болмаса «Книга-пошта» мекемесі арқылы жаздырып алатынбыз. Ал көзі тірі белгілі ақын-жазушы дегендерді мектеп бітіргенше бірде-бір рет көрмедік, білмедік. Тіл-әдебиет пәнінің мұғалімі Алдамұрат Базаров деген ұстазымыз болды. Сол кісінің аздап ақындығы бар. Сабакты керемет түсіндіреді. Әдебиет кітабындағы ақын-жазушылардың шығармаларын жатқа оқитын. Ұстазымыздың ықпалымен бесінші сыныптан бастап жұрт қатарлы көктем, жаз, күз, қыс мезгілдеріне арнап мен де өлең жаздым. Жазғандарымның «денсаулығы» жарай ма, жарамай ма, оны анық білмеймін. «Осылай жазба бер, жарайсын» деп, ұстазымыз «бес» қойғана. «е, мен ақын екенмін» деп мәз болатынмын өзімше. Ауылға ара-тұра Қазақстаннан концерттік топтар келіп тұрады. Соған тайлы-таяғымыз қалмай тегіс барамыз. Қазақша айтылған әндерді, домбырамен шертілген күйлерді тындап, төбеміз көкке

Оның есімін біз мектепте оқып жүргенде білетінбіз. Біресе Ш.Әбдікәрімов, біресе Шаһизада Әбдікәрімова болып, республикалық газеттерге, әсіресе «Қазақстан пионеріне» өлеңдері мен мақалалары жиі-жиі шығып тұратын. Айналасы теп-тегіс, жүрекке жылы тиетін балауса жырлары қанаттап келіп көкейге қона қалатын. Жазғандарын оқып, япыр-ай, бұл қандай ақын екен, түрі қандай, жасы нешеде екен деп, сырттай әсерленіп, бір көруге ынтық болып жүретінбіз.

таянғандарымызды жинастырып атап өттік. Сол жолы ол бір емес, бірнеше өлең оқыды. Студенттердің бәрі тамсанып, риза болды. Өлеңдерінің аты есімде жоқ, ұмыттым. Бірақ:

*«Кейде-кейде жылатып алмаса егер,
Мен өмірді өмір деп танымас ем», —*

деген жыр жолдары жадымда қалып қойды. Ең болмаса біздердей сақа жігіт те емес, кіп-кішкентай, шыбықтай баланың үлкен кісілердей пәлсапалық сөз саптауын естігенде, ақын деген осындай болады

Менің Шаһизадам

екен ғой деп топшылады. Ал менің мектептегі мұғалімім А.Базаровтың ақын боласын деп аркамнан қағып, марапаттағанына малданып, ара-тұра ана, туған жер, қыздар туралы бірденелерді түртпектеп жүргенім жәй әшейін далбаса болып шықты. Мынадай керемет ағып тұрған ақынды көргенде, менікі бос әурешілік көрінді. Одан да мақала жазып, журналист болғаным абзал шығар деп, осыдан кейін іштей өлеңмен біржола ат құйрығын кесісуге бел байлады.

Бұған дейін бұрын-соңды үйден сыртқа шығып көрмеген әрі жалғыз, тұйықтау өскен мені Шаһизада сөзге айналдырғыш. «Қызын бар ма, оған қандай өлең жаздың?» деп мазалайды. «Менің өлеңдерім қандай, мықты емес пе?» дейді. Екі сөйлеу, өтірік айту, көлгірсу қанымда жоқ. «Кешегі өмір туралы өлеңім жақсы екен, маған ұнады» дедім бірде. Жақсы сөзді кім жек көрсін, ол дереу қанаттанып, өлеңдерін тағы да үсті-үстіне оқи жөнелді. Ой, ішкірін, ағып тұр. Іркілу, мүдіру қайда?! Оның үстіне білмейтіні, оқымаған кітаптары да жоқ секілді. Өзіміздің қазақ әдебиетінің алыптар тобы — Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароковтардан тысқары Қасым Аманжолов, Мұқағали Мақатаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Төлеген Айбергеновтердің жырларының бәрін жатқа біледі. Сергей Есенин, Анна Ахматова сияқты орыстар түгілі, шетел әдебиеті қаламгерлерінің шығармаларынан да құр алақан емес. Жюль Верн, Даниель Дефо, Вольтер Скот, тағы басқалардың кітаптарын бүге-шүгесіне дейін түк қалдырмай баяндағанда, біздер аузымызды ашып, көзімізді жұматынбыз. Нағыз дайын тұрған ақын, келешекте үлкен ағаларындай мықты болады деп, іштей ой кешетінмін оңашада. Азғана күннің ішінде екеуміз бір-бірімізге ағалы-інідей болып сіңісіп кеттік. Сөйтіп жүргенде, жүзім теру науқаны аяқталып, Алматыға қайтатын болдық.

Қайтарға шамалас: «Із-аға, екеуміз бірге тұрайық, өлең жазуға пәтер қолайлы болатын шығар» деді. Анкылдаған ақкөңіл, ашық, ішіндегісін түк қалдырмай айтып, сайрап тұрған

ҚАЛАМҒЕР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



9

терезенің көзін ашамын. Сондай кездері ол, таңқаларлығы, бір өлең үшін ұзақ уақыт бас қатырып, қайта-қайта шимайлап, онша көп уақыт кетірмейді. Ақ жауындай нөсерлетіп,



төгіп-төгіп тастайды. Сөйтеді де, қисайып жатқан мені түртеді. Содан оң қолын сермеп, шығарған өлеңін бастан-аяқ оқиды. Ұйқылы-ояу тындаймын. Жарықтық өлеңнің не екенін Шаһизададан біліп жүрген мен қалай одан мін табайын. Бәрі орны-орныммен қаланған кірпіштердей көрінеді. Арасынан саңылау табу мүмкін емес сияқты.

Осылай ҚазМУ-де оқып жүргенде Шаһизаданың өлеңдері «Көктем тынысы» деген ұжымдық жинаққа шықты. Ішінде біраз ақындар бар екен. Көбісі ересектеу. Ең жасы менің Шаһизадам екен. Ол заманда бірденен басылымға шықса болды, жуу деген «салт» бар еді, бізде одан құр қалмадық. Оның үстіне тұңғыш рет кітапқа еніп отыр. Ақын үшін одан

өткен қуаныш бар ма? Қаламақы қолға тиісімен, сабақтан соң, сыраhanaға тарттық. Жұрттың бәрі көп жиналатын «Шахта» аталып кеткен кафеде әуелі сыралатып, соңғы жағын шарапқа ұластырдық. Біраз сілтеппіз. Шыққасын, қайдан тап болғанын ит білсін, «қызыл жағалылар» шап берді. Әй-шайға қаратпастан мәшинесіне салып, дырылдағып алды да кетті. Айықтырғышқа әкеліп қамады. Менде зәре жоқ. Өліп-талып түскен оқудан кеттім ғой деп ойлады. Ал, Шаһизада болса айғайлап, «сендер итсіндер, оңбағансындар» деп, бөлмені басына көтерді. Қой десен, қоймайды. Сонымен не керек, аздап қалтамыздағы құжаттарымыз бойынша тексеріп, бәрін жазып алып, босатып жіберді. Бірақ ішіміз иттей ұлды. Ішкен асымыз баптайды. Құр сүлдеріміз жүр. Сөйтіп, оның ізінен «қара қағаз» келді. Естуімізше, енді оқудан шығарылады екен. Оқуға түстік, студенттік арманымызға қол жеткіздік деп жүрген аптығымыз су сеппендей басылды. Бұған тек мен емес, бүкіл курс студенттері қайғырып, қара жамылғандай күй кештік.

Жиналысқа салып, мықты ақын, талантты жігіт деп, алып қаламыз ба деп үміттендік. Онымызға декан көнбеді, айтқанынан қайтпай, безірейіп тұрып алды. «Маған ақынның керегі жоқ. Біз журналист даярлаймыз» деп, ректордың бұйрығын дәлізге іліп қойды. Қолдан келер шама қайсы? Туған інімдей болып кеткен Шаһизаданың оқудан шығарылуы қабырғама қатты батты. Әркімнің кеңесі бойынша бармаған жеріміз,

кірмеген есігіміз қалмады. Сөйтсек, амал қанша, олардың көбінің күші деканға келмейді екен. Шаһизаданы жұрттың бәрі аяп жүр. Дарынды жігіттің, талантты ақынның сенделіп сарсаңға түскені олардың да жандарына батады. Бәрі орнына келер деп, көңілін көтеру үшін кейде сырлатамыз бірге. Соған аз да болса малданаңыз. Басқа не шара келеді қолдан? Екінші құрстан соң мен Шаһизаданың ауылы — Энгельс атындағы ұжымшарға бірге бардым. «Ел- жұрт менің оқудан шығып қалғанымды үйге жеткізсе, әке-шешеме оңай соқпас. Сондықтан екеуміз бірге оқып жатырмыз деп айтарсың» деп қиылды. Үйіне келдік, әкесі Өтетілеу қарт ғажап жан екен. Айналып толғанып, менің қасымнан шықпайды. «Қарағым, балама аға бол, қамқор бол, көзінді сала жүр» деп, күнде әкелік ақ тілегін айтады. «Әкем сені «мына бала тау қозғалса да қозғалмайтын бала екен» мақтап жатыр» деп Шаһизада да жоңышқа орып жүріп жеткізеді маған. Жаман болғаным жоқ, атаның ақ батасын алып, бір аптадай жатып, елге қайттым. Бірақ ішім алай-дүлей, маза жоқ. Құдайым-ай, менің Шаһизадам оқуына тезірек қабылданса екен деп күні-түні тілек тілейтінмін ауылда жүріп.

Қыркүйекте оқу басталды. Шаһизада да ауылынан келді. Тағы да оқуға қайта қабылдаудың жолын іздедік. Тек қасында қатар, серік болып жүргенім болмаса, менен қайран жоқ.

Бір күні Шаһизада қуанып келді. Жоғары және арнаулы білім министрлігі бас басқармасының бастығы, өзімен бірге «Көктем тынысы» ұжымдық кітабына шыққан Шайсұлтан Шаяхметовтың ықпалымен оқуға қайта қабылданатын болыпты. Бәріміз бәркімімізді аспанға аттық. Көптен күткен қуанышымызда шек жоқ еді. Тек бізден бір курс төмен оқитын болыпты. Бұған дейін де талай редакциялардың есігін теуіп ашып кіретін тентек Шаһизаданың өлеңдері осыдан соң газет-журналдарда жиі көріне бастады. Енді өлеңнен гөрі көлемді шығарма жазуды қолға алды. Бір жатақханада жаттық, бірге тұрдық. Кітап көрсе болды, оның әдеті, бас салады. Жұрттай ежіктеп, қайта-қайта оқып отырмайды. Судырлатып, лезде қағып тастайды. Жақсыны жақсы дейді, ұнамаса, осы да кітап па деп дақтырып жібереді. Курстасымыз, қазіргі белгілі жазушы-драматург Жолтай Әлмашов екеуі мен аулымнан алып келген қарақалпақтың үлкен жазушысы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Төлепберген Қайыпбергеновтың «Қарақалпақ қызы» романын аударайық деп құла түскені бар. Қарақалпақ тілі қазақ тілінен аумайды екен деп таласып-тармасып оқып жүрді. Шаһизада кейін өзіне ұнаған қарақалпақтың бірнеше шайырларының өлеңдерін де тәржімалады.

1977 жылы қысқы қаникулда Қарақалпақстанға, менің үйіме бірге келді. «Табиғаты да, жері де, халқы да, қонақжайлылығы да біздің Қызылордадан аумайды екен» деп, өте риза болды сол жолы. Достарымның бәрі түгел үйлеріне шақырып, барын алдына қойып, құтты қонақ келгендей қуана күтті. Бұрын-соңды мұндай тірі ақынды көрмеген олар да бір жасап қалды Шаһизаданың жырларын тындап. Оның бержағында білмейтіні де жоқ қой оның. Сөзге де жүйрік, сауаты замандастарынан оқ бойы озық тұратын.

Маған ұнаған ерекше бір қасиеті — адамдарды алаалайды, жатырқамайды, Кез келген кісіні магниттей бауырына тартып алады. Осал жері — мендей емес, адамдарға сенгіш.



Шаһизада Әбдікәрімов, Ізмұрат Құрбанбаев, Бейсебай Кірісбаев

Алайда, ренжісіп, көңіл қалыспалқа барысса, онымен жуық арада татуласу қиындау. Осыған қоса тағы бір айтарым — жаны жомарт. Қолында бірдене, қалтасында ақшасы болса, сұраған кісіге, алды-артын ойламай, бере салады. Әрине, мен ондайда қарап қалмаймын, бір-екі көйлек бұрын тоздырғандығым бар емес пе, «енді қалай күн көрерміз» деп, біраз жер-жеріне жетіп, сілкіп аламын. Қателігін түсініп, кейін ойланады... Осы күндері ауылдас достарыммен кездесе қалсам, «баяғы ақын досың қайда, тірі болса, бір жерді тесіп шығатын жігіт еді, кітаптары бар ма» деп сұрап қояды.

Алайда ол шуақты күндер ұзаққа бармады. Денесінің қызуына қосылған қырық градус пен асау мінезінің кесірінен тағы таяқ жеп, оқудан шығып қалды. Бұл жолы оңай болмады. Пана іздеп талай жерге барды. Жазушылар одағын да жағалады. Өмірде жақсы адамдар көп қой, солардың ықпалымен Шаһизада факультетке қайта қабылданды да... Оның бәрін жіпке тізе бергеннен әлнәрсө шықпас. Біраз қиындықтарды бастан кешкені ақиқат. Біз сабаққа кеткенде жападан жалғыз пәтерде қалу оңай емес. Ішіміз ұдай ала аштың. Қалай десек те, басымызды қосқан Алматыда өткен бес жылды ол, кейбіреулер айта беретіндей, сауық-сайран, сергелденмен өткізген жоқ. Рухани азық, мол білім алды. М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрының барлық қойылымдарына алғашқы сәтінен бастап қалмай баратын. Жұрттың көбі бара бермейтін Абай атындағы опера және балет театрының да мықты көрермені болса білді. А.С.Пушкин атындағы (қазіргі ұлттық) кітапханаға барып, біраз нәрсені оқыды, білмегенін үйренді, тарихқа зер салды. Көптеген достар тапты, атакты ақындармен танысты, білісті. Оларға өзінің талантты екендігін дәлелдеді. Әдеби кештерде жастар «Шаһизада өлең оқысын» деп, түрегеліп тұрып алатын. Қыздар жағы ауыздарының суы құрып, онымен танысуға, өлеңдерін тындауға құмартатын. Мұндай сый-құрмет қазақтың барлық жас ақындарының маңдайына бітпеген шығар, бәлкім. Алайда оның астарлап жазатын ауыр өлеңдерін кез келген адам толық түсіне бермейтін, елдің бәрі жаттап алуға қолайлы емес. Өзіндік стилі, айтары бар таңғажайып ақын. Өмірлік кредосы — бесігінен шыққан жолдың бейігіне дейін аман жеткізуін қалап, тінін үзбей, сақтап келеді.

Шаһизаданың жас кезінде жазған «Сырғанақ» деген өлеңі бар еді. Қыс күндері сырғанақ теуіп, ойнап жүрген балалық дәуренді суреттей келе:

*«...Барар едім... өзім шыққан биіктен,
Бұл күндері сырғанағым келмейді», —* дейді.

Рас, сөз өнерінің күдіретін терең түсінген жан ғана осылай дей алады. Ол ешуақытта да өз биігінен төмендеген емес. Менің іні-досым осындай!

Ізмұрат ҚҰРБАНБАЕВ,
Қарақалпақстанның
енбегі сіңген журналисі



жеткендей бір серпіліп қалатынбыз. Әсем әуенді радиодан қанша естігенмен, әртістерді көзімізбен көріп, тындау — ол жылдардың бөлекше қуанышы. Осындай ортада өскен мен үшін көзі тірі ақын Шаһизаданы алғаш көруім — өмірімдегі ең ұмытылмас сәт шығар...

Біз университетте бір апта оқыдық. Содан соң Алматы облысының Шелек ауданындағы ауыл шаруашылығы жұмысына аттандық. О жақ, бұ жағы бір ай сонда болдық. Бәріміз бірге жүріп, жатақханада бірге жатып, бір-бірімізбен етене таныстық, білістік. Бір қыз, бір жігіт жұптасып күнде жүзім тереміз. Бір-бірімізге оқыған кітаптарымыз, қызықты киноларымыз жайлы айтамыз. Әсіресе журналист-жазушы Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы аузымыздан түспейді. Ондағы журналист Ерболға ұқсап, адал әрі жазғыш журналист болсақ деп армандаймыз. Ақындардың ішінен Төлеген Айбергеновті көбірек тілге тиек етеміз. Көп студент оның өлеңдерін жатқа оқитын.

Кештетіп ән саламыз, би билейміз. Одан қала берсе, әркім шығарған өлеңдерін оқып, түннің бір уағына дейін тыным болмайтын. Туған күндерді де құр өткізбедік. 16 қыркүйек Шаһизаданың туған күні екен, оны да тапқан-

10



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

ҰЛТ

Ару Ана

(Басы 1-бетте)

Оның үстіне, ғасырлар тоғысындағы алмағайып заманалар тұсында сөз қадірі қашыңқырап, әдебиет беделі түсіңкіреп кеткені рас. Десек те, ғаламшар кеңістігінің көксеңгір құздарымен қатар шоқысы мен адыры, өрі менен ылдиы алмаса беретіні секілді, ақын-жазушылардың қалам қуатының әркемжілігі де заңдылық қой.

Әйтеуір, әдебиетіміз әлеміндегі сонау әйгілі алыптар тобымен жапсарлас заңғар шындар шоғыры соналайдан көз тартады. Солардың бірі — Бердібек Соқпақбаев шыны. Және оны өзге биіктермен шатастыру да қиын. Атақты аспантаулар өлкесі — Нарынкол өңірінде, Хан Тәңірі баурайында туып-өскен еңселі тұлғаның тек өзіне ғана тән айбыны алыстан-ақ аңғарылатындай.

Біз бұл жолы тағдыры күрделі қаламгердің алғашқы зайыбы Бәшен Баймұратқызымен тілдесіп, жазушы өмірінің бұрын көп айтыла бермеген кейбір қалтарыс қырларына көз жүгіртіп отырмыз.

Бәшен апай Бекенмен алғаш сонау 1947 жылы Алматыдағы Мәншүк Мәметова атындағы Қыздар педагогикалық училищесінде оқып жүрген кезінде танысқан көрінеді. Аталған училище «Гауһар» алтын дүкенінің дәл қасында орналасқан екен. *(Мұны айтатын себебіміз — осы атау арада қырық жылдай өткенде жазушының «Қайдасың, Гауһар?» хикаятына өзек болады).* Ол кезде Бердібек ҚазПИ-дің үшінші курс студенті. Қысқасы, болашақ жазушы тал шыбықтай бұралған қарақат көз бойжеткенді қатты ұнатып, арада бір

тисе керек. Сондықтан, ол енді «халық жауымен ауыз жаласты» деп Бердібекті түртпектеуге кіріседі. Міне, болашақ үлкен жазушының Алматыға тезірек ірге тебуіне осындай келеңсіздіктер де себеп болған тәрізді.

Тегінде, жазушы мұндай кереғарлықпен жастайынан-ақ жиі беттескен. Және жетім өскен сезімтал бала тұрмыстың ауыртпалығы мен қоғамдағы әділетсіздіктер сырын нәзік жүрек сүзгісінен ерте өткізеді. Төңірегіндегі құбылыстар мәні туралы терең толғана жүріп, тас шайнап жетілген буынның қайсар өкілі біртіндеп шебер жазушыға айнала бастағанын өзі де аңғармай қалса керек:

— Жазумен, тіпті жетінші кластан бастап-ақ айналысыпты. Анау «Балалық шакка саяхат» шығармасы өз өмірінің тұнып тұрған шындығы.

Қайтып келеді...

жыл өтер-өтпесте ретін тауып алып қашады. Алатау бөктеріне Өскемен жақтан оқу іздеп келген қыз да қағылез кара баланың бұл әрекетіне онша кет әрі болмаса керек.

Қиындығы мен қызығы мол сол кезеңдерді аса бір қимас сезіммен еске алған Бәшен тәтеміз жолдасының өте ақкөңіл, аса балажан болғанын елжірей әңгімелейді. Жас жұбайлар сонау 1953 жылы Нарынколдағы отау үйлерін өз қолдарымен тұрғызған екен. Тәтей осы үйді бертінде жиі ойлайтын секілді: — Сол жайымызды ылғи түсімде көремін. Алғашқы ортақ шаңырағымыз болғандықтан шығар. Үйді тура мектептің қарсысынан тұрғызып еді. Кірпішті өзіміз құйдық. Нарынкол тоғайлы жер ғой. Ағаш жағынан тапшылық көре қоймайсың. Бердібек балташылық өнерден де кенде емес-тін, жаңа баспананың төбесін де өзі жапты, еденін де өзі салды. Үйдің айналасының бәрі көкпенбек тал-терек. Нарынколдағы көзге көрінетін бірінші үй біздікі-тін. Керемет. Бердібек үйдің сәулеттік жоспарын Алматыға арнайы барып әкеліп, құрылыстың ойдағыдай болуы үшін көп еңбектенді. Бірақ мұнда екі жылдан аса ғана тұрдық. Түрлі жағдайларға байланысты Алматыға қайта ауыстық. Онда жазуға енді-енді ғана құлшына кіріскен кезі. «Қазақфильмге» редакторлық жұмысқа орналасты. Самал, Жанар есімді екі қызымыз бар. Өзіміз тұрғызып үйді саттық та, «Тастақтан» екі бөлмелі жай алдық...

Бұл тұста көпшілік назарынан тыс тағы бір жәйт еске түседі. Кеңесары хан тақырыбын қаузағаны үшін қуғынға ұшыраған атақты ғалым Ермұхан Бекмаханов сол елуінші жылдары жер аударылып, Нарынколға мұғалім болып барады. Бұрын мектепте жұмыс істеп көрмегендігінен шығар, бір кезең дәрменсіз күй кешкен тарихшы сонда Бердібекке көбірек арқа сүйейді. Жиі жолығып, одан сабақ жоспарын жасаудың ретін үйренеді, білмеген басқа да тіршілік түйтілінің мәнін осынау жас досынан сұрап-білуді дағды қылады. Бірақ сырт көзге әрекеттері «тосын» бұл екеудің бір-бірімен тез табысуы білім шаңырағы басшысының жүйкесіне

жағдаймен жақынырақ таныс Бәшен тәтемізден білгіміз келді:

— Талант жолы қашан да ауыр жол ғой. Бердібекті де қақпайлаушылар көп болды. Мысалы, сонау 1963 жылы Алматыға жолы түскен бір француз азаматы ҚазТАГ тілшісіне: «Француз оқырмандары қазір казактың ұлы классик жазушылары Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Бердібек Соқпақбаевтарды ана тілінде оқи бастады!» деп сұхбат беріпті. Со кезде редакцияларға телетайп арқылы келетін мұндай хабар көпшілік телерадио, баспасөз редакциялары жетекшілерінің төбе шашын тік тұрғызса керек. Олардың әлгі сәтте: «Бұл не сұмдық! Соқпақбаев деген қашаннан бері ұлылар қатарына қосылып еді!» деп түршіккенін соңырақ естіп жүрдік. Әрине, бір есептен, оларды кінәлай салу да орынсыз. Уланған, қисайған сана оңайшылықпен оңала ма. Дәл сол кезеңде олардың Бердібек шығармашылығы сырын үғуға өрелері жетпеген болып тұр ғой...

Бердібек Соқпақбаевтың басты ерекшелігі — ол бәрінен бұрын қаны сорғалаған нақты өмір көріністерін бүкілсіз баяндауға шебер қаламгер еді. «Мокай свое перо в правду!» деп



ғой! Бұл кісілер тірі жүр емес пе!» деп тіксіндім. Ақыры өзгертті. Қазір бұркеншік аттарымен жүр...

Болмыс-бітімі бөлек, тумысы тылсым талант иелерінің мінез-құлқын әдеттегідей «жақсы» немесе «жаман» дей салсақ қателесер едік. Солай бола тұра, Бәшен апайымыздан жолдасының ең жағымсыз деп саналған әдетін сұрадық:

бір сәт шалқып-тасып кетуге асығып тұратын. Мына Мәдениет паркіне барғанда Бердібекпен бірге бітірген Сафуан Шәймерденов, Мұқаш Сәрсекеев, Айқын Нұрқатов сияқты жігіттердің бәрі ылғи есіме түседі. Кейін барлығы да мықты жазушы, журналистерге айналды. Сол сияқты, өзіңіз білесіз, бір жыл кейін бітірген, мысалы, атақты Серік Қирабаев, Шәкір Амановтар да жақсы жолдастарымыз еді. Осылардың көпшілігі кешігіп үйленді. Сонда күлетінмін: «Әй, өздерің ылғи кешігіп үйленіп, Бердібекті кешке дейін далаға сүйрейсіңдер!» деп. Қазір пайымдасам, өнер адамы Құдайдың берген дарынының арқасында, мүмкін, бір мезгіл өмірден шабытын шындайтын жол іздейтін шығар. Сол арқылы көп образдардың, бейнелердің жиынтығын табатын болар. Білікті серіктерімен пікір таластыратын шығар. Бірақ мұның бәрін кейінірек таразылап жүрмін ғой. Және еңбектері ондаған шет тіліне аударылып, халықаралық бағалы сыйлық

иеленген жазушы өз елімізде бірде-бір мақтау грамотасымен де марапатталып көрмеппі. Ол қайда, тіпті кейбір ықпалды ағаларының мұның батыл көзқарасын ұнатпай: «Байқа, Бердібек!» деп мақала жазып, сес көрсеткен сәттері де кездесті. Мұндайдың бәрі, әрине, жаны нәзік адамды іштей күйзелткені анық.

Ал Бердібек ағамыздың жұмыс әдісі қандай еді?

— Бердібек өзінің әлгі «аң аулап» кететін кездерінде — жоқ. Ұшты-күйлі. Көбінде күндіз келеді. Кейде кешке дейін жұмыс істейді. Сонан кейін тағы кетеді. Қайда жүргенін білмеймін. Ондайда біреу өлтіріп кетті ме деп те мазасызданасын. Екінші бір жағы, үйде тұрақты болғанда түнімен де отырады. Әрқилы. Жалпы, өте еңбекқор еді. Атақты «Өлгендер қайтып келмейді» кітабының да жазылуына өзін күемін. Тек бұл шығармасы баспада ұзақ жатып, бес-алты жылдан соң зорға шығыпты.

Менен кеткеннен кейін жазған еңбегінің бірі — «Қайдасың, Гауһар?». Кейін мұны басқа атпен берген секілді. Ана жылы бірде менің қол астыма істейтін қызметкерім, жас келіншек: «Апай, мынау кітап сіздер туралы ғой!» дейді. — «Қайдағы кітап ол? Мен туралы кітап жазған жоқ!». Оқысам, түп-тура. Мен бітірген педучилищенің қасында «Гауһар» деген магазин бар. Ылғи сол жерде кездесетінбіз. Бірден байқалдым, бізден кеткен сәттегі күйзеліс кезінде жазғаны көрініп тұр. Соңында барып Гауһарды өлтіріп қояды. Сонда күлгенмін. «Өлгі, өлгендер қайтып келмейді дегені сияқты мені де өлтіріп тастапты ғой!» деп...

Әңгіме үстінде, арада талай көз жасын төккізген қаншама тартысты кезеңдер өтсе де, Бәшен тәтейдің кезінде сүйіп қосылған жолдасын ешбір жамандыққа қимайтынын аңдап, көңіл толқыттық. Қайта, апайымыз сәт сайын көз алдына он тоғыз жаста алғаш көрген жас Бердібектің кескінін келтіріп, шуақты бір күйге бөленетін секілді:

— Менің екі құрбым бар. Қатар оқығанбыз. Солар Бердібек екеумізді алғаш сыртымыздан көріп, «Бәшен таз тырна секілді біреуді тауып алыпты ғой!» деп күліп жүреді екен. Бердібек — шашы тап-тақыр, өзі кішкентай, әлгі «Балалық шакка саяхатта» жазғаны сияқты өте арық болатын. Қап-қара. Бірақ өте әдемі ғой! Сондықтан шығар, әлгі ку қыздардың көп үйірсекейтейтін. *(Тәтей осы тұста рахаттана күлді. Одан кілт мұңа қалып, күрсінді).* — Бердібек кеткенде, мынау Самалым бар... Үш бала шейіт болып кеткен... Сондай ауыр жағдайда, от жағатын үйде қалдық. Сексен сом еңбекақымен. Әрине, ауыр тиді. Сөйтіп, қыстық көйлекті — жазда, жаздық көйлекті қыста кие жүріп, сырттай оқып, кандидаттығымызды қорғадым. Жалпы, азап шекпеген кезеңім шамалы. Бірақ Аллаға шүкір, сол Бердібек сыйлаған перзентімнің арқасында *(Самал Соқпақбаева — білікті аудармашы. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі. Қ.М.)* талай қиындық артта қалды...

Осындайда тағдыр тауқыметі қанша сілкілегенімен, еңбегі азапты жазушыға жар болып, қанша ауыр тисе де оның қым-қуыт шығармашылық ғұмырына тікелей араласудың өзі бақыт па деген де ой келеді екен. Әсіресе, Бердібек Соқпақбаевтай өлмес шығармалар жазған қазактың мандайалды қаламгерімен қатар өткен тәтті тірлік... кермек тірлік өзіндік мұн-наласымен де сонша қызықты, аса мағыналы сияктанды.

Құтпөлеу МҰКАШ



Василий Шукшин айтатын қағиданы ертеден-ақ берік ұстанған:

— Иә, шыншылдығымен — ерекше, бірақ сол шыншылдығымен де көпшілікке жақпады. Өзінің де жазатыны бар «шыншылдықты табиғаттан үйрендім» деп. Адалдыққа өмірдің өзі баулыды дейтін-ді. Өзі де ұрлық, өтірік, мақтаншақтық, жағымпаздық дегенге жаны қас еді ғой. Еңбектері көзі тірісінде-ақ қайта-қайта басылған адам, егер сәл жылпостан болса, талай жерден орден-медаль алып, жырғап жүрмес пе еді. Мен мұны әлгі «жоғалған пышақтың сабы алтын» деп айтып отырған жоқпын, жалпы, ол әуелден-ақ жан-жүрегі кіршіксіз таза, өте әділ адам-тын. Отбасында да бірденені ұнатпаса баттатып айта салатын. Біреулердің қиянатына төзу, ересек, бұзақы балалардың жол-жөнекей ақшасын тартып алатыны, жетімек деп ұрып кетуі, үстіне киген киімін мазактауы сияқты қорлық-зорлықтың бәрі оны турашылдыққа, күреске үйреткен. Мінезі тік. Сыпайысып тұрмайды. «Сен құсап мәймөңкелеуді білмеймін» дейтін-ді маған да. «Менің атым Қожада» да алғаш кейбір нашар жеңелерінің атын ашық жазды. Соны оқығанда: «Ойбай! Мынауың маскара



естен шығарып алды ма, кім білсін. Оның үстіне балалық, жастық шақтары аса ауыр тұсқа тап келген буынның, әсіресе Ұлы Женістен кейін бір мезгіл сауық-сайран құруға, бой жазуға бейім тұрғаны да дәуір шындығы. Жалпы, бұ кісілердің аса күрделі өмір драмасын бірауыз сөзбен тұйындай салу қиын. Әйтеуір, амал не, он үш жылдай отасқан осынау жұптың арасы күндердің бір күнінде ажырап тыныпты.

— Әрине, бастапқыда бәрін басқаша бағаладым. Әрбір пенде сияқты менің де көңілім қалды, менің де жаным ауырды. Оның үстіне біз қазақша төрбиеленген қыздармыз ғой. Мен қатарлылардың түсінігі бойынша, үй болған адамдар жарының қасынан ешқайда шықпайды; тырп етпей отбасында отырады. Дәп ойладық. Сол кезде ауыр тигені рас. Одан соң әлгі тұстағы жолдастарының бәрі аштық, соғыс ауыртпалығын көп көргендіктен бе, еңбекақы алса болды,

*СӨЗСЫРПА

АСТАРЛЫ ӨЗІЛГЕ ӘУЕС-ТІН

Бердібек белгілі ақындардың өлеңдерін өзгерттіп айтуға шебер еді. Студент кезінің өзінде оның Абайша жырлаған: Көңілім қалды арақтан, шараптан да, Ауыртпаған бірі жоқ таң атқанда. Сосын тағы кіржиіп, қиналасың, Қалтадағы тиынды санатқанда.

Арақтан көңіл шіркін аянған ба, Кім тұрар милиция таянғанда. Жатасың кең көшеде мол көсіліп, Пальто да, көстөм де жоқ оянғанда, — деген сияқты өлеңдері болатын. Бірақ ол ішкіштердің қатарына қосылмайтын. Достармен бас қосып қалғанда ел қатарлы көңілді отырғаны болмаса, артық мінез көрсеткен емес. Өлеңдегі жолдар жалпы шындықты айтқаны да.

Біздің студент кезімізде қазіргі «Алтын алма» ресторанының орнында «Алматы» деген ресторан тұрды. Соның кең бір залында сырттан келген ерлі-зайыпты екі адам Алматы жастарына бал билерін үйретті. Сол үйірмеге қызығушылық танытып, бәріміз бардық. Кейде сабақтан шыға сала, асығыс би сабағына жүгіретінбіз. Сондай бір күндері Бердібекке соқсам, ол қасындағы балаға:

— Сен Әкімбайға айт — Бердібек асықты де! Жұмай кетті Тарелка, қасықты де, — деп Сәбитше тапсырма беріп жатыр екен. Асығып айтылса да, өлең жолдарын өзгерттіп жаңа жағдайға икемдеу оның айрықша қабілетін танытатын еді. (Бердібек Соқпақбаевтың жастық шақтан бергі досы, академик Серік Қирабаевтың естелігінен).

Құндылық

Оңтүстіктің шырайы – Шымкент қаласына жолымыз түсті. Қоңыр күз Шымқалаға кеш келеді екен, шаһар әлі жап-жасыл. Көктем күн құйылып, бейне Алматының тамызындай тамылжып тұрғаны. Бағытымыз – жаңадан ашылған «Әдет-ғұрып және салт-дәстүр орталығы». Тәксі тізгіндеп жүрген кісілер біздің басқа қаладан келгенімізді білгендей, баратын жерімізге көп ақша сұрады. Сөйтсек, шынымен қала үлкейіп кетіпті. Орталықтан дінтеген жерімізге дейін 20 минуттай жол жүрдік.

Біздің іздеген жеріміз қаланың шығыс қақпасына – Бәйдібек би ескерткішіне жақын маңға орын теуіпті. Жайлы жер, келіп-кетушілердің, қала тұрғындарының қылдыратын бірден-бір орталығы екен. Бізді орталық директорының орынбасары белгілі акын Әлібек Шегебай қарсы алды. Сөйтіп, директорының кеңсесіне бастап барды. Шымқаланың рухани қазынасына айналып үлгерген шаңырақтың басшысы — журналистика саласында өнімді еңбек еткен, қазір осы орталықтың басшылық қызметін қолына алған Асылбек Иханов мырза екен. Аз-кем әңгімеден кейін бізге орталықты таныстырып, сұхбат берді.

«Оңтүстік Қазақстан облысының жері ерекше. Байқайсыздар ма, ландшафт. Мысалы, бір жерде тау болады. Сосын, жазық, сосын теңіз болады. Бұл жақта тау да бар, өзен-көл де бар. Жықпыл-жықпыл жерлер, сай-сала да бар. Сонан соң табиғаттың тылсымдары да бар. Адам таң қалатын үңгірлері, қуыс-қысандары да бар. Мұнда киелі Түркістан бар. Сосын мына жағымыз шығысқа жақын ғой. Шығыс халқы — алдыңғы Азияға жақынбыз. Мұнда ескі қалалардың орны жатыр. Бұрынғы ескі, көне мәдениеттің осында жұрнағы көп. Ошағы көп. Сондай-ақ Шымкент халқы ділі жағынан салт-дәстүрге бекем халық. Әдет-ғұрыпқа берік ел» — деп бастады әңгімесін.

Одан ары орталықтың Шымкенттен бой көтерудің кұпиясын жайып салды. «Шымкентте ақсақалдықтың үлкен мектебі сақталыпты. Мұнда ақсақалдардың көне замандардан келе жатқан мектебі үзілмеген екен. Даналық мектебі бар. Сосын, басқа жақпен салыстырғанда, Шымкентте халық тығыз орналасқан ғой. Сол да бар шығар. Қалай болған күнде де, Шымкенттің топырағы осындай салт-дәстүрдің орталығын салынуға құнарлы топырақ болып шықты» — деп бір тоқталды.

Иә, қазақ руханияты саналатын салт-дәстүрдің кара шаңырағы, шынымен де сырты көз тартатын айбынды, іші бай болып шықты. Шағын мұражай жұмыс істеп тұр. Ғылыми қызметкерлер де өз ісінің білгірлері көрінді.

Асылбек Иханов «Орталықта 36 адам жұмыс істейді. 3 бөлім бар. «Ғылыми-зерттеу бөлімі» және «Қор бөлімі». Бұлар ел аралап, көне мәдени-мұранын жәдігерлерін жинаумен айналысады. Сосын «Ғылыми әдістемелік» бөлім бар. Ғылыми қызметкерлердің жұмысы — орталықта болатын әртүрлі қойылымнан тыс кезде кітапхана аралап материал жинайды. Сосын елдегі көнекөз қариялардың әңгімесін тыңдап, жинап алуға тырысады. Сосын мұнда аналардың ұйымдары бар. Аналар ансамблі, әжелер ансамблі бар. «Көркем әжелер» деп аталады. Бір жерге жастардың барып салт-дәстүр туралы насихатынан гөрі, үлкен аналардың айтқан насихаты өтімділеу болады» — деп түсіндірді.

Қазірше, бұл — Қазақстан бойынша жалғыз шаңырақ. Орталықтың қызметі — қазақтың ұмыт болған дәстүрін ұлықтау. Әдет-ғұрпын



Салт – дәстүр – тұнған философия



Асылбек Иханов

жылдар, ғасырлар бойы келе жатқан салт-дәстүрін сақтау. Оны болашақ, келешек ұрпаққа жеткізу. Сосын бұл жер болашақта ғылыми-зерттеу орталығы болу керек. Соған мамандар тартып жатырмыз. «Қазақстан-Шымкент» телеарнасымен бірге 36 бөлімнен тұратын шағын-шағын фильм түсірдік. Бір жағынан, біздің негізгі ойымыз — орталықты Шымкенттің, Оңтүстік Қазақстан облысының рухани орталығына айналдыру. Ол жағына да жұмыс істеп жатырмыз.

Кез келген адам: «Мен салт-дәстүрді

білемін ғой» — деп ойлауы мүмкін. Бірақ былай сырттай білу бар да, ғылыми тұрғыда білу мүлде бөлек әңгіме. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып қайдан шықты, оның бүкіл мазмұнын, құрылымын білу, шынымен басқа әңгіме. Қазақ халқының түйеге мініп, арба айдаған заманнан бері келе жатқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бүгінгі ғарыш дәуірінде де манызын жойған жоқ. Жоймайды да. Әр халықтың ұлт ретіндегі ерекшелігі — бұл осы салт-дәстүрінде жатыр. Біз, әрине, басқа ұлттардың, этностардың, шетелдің өнерін, мәдениетін білуіміз керек. Бірақ бізге қарағанда өркениеті ертерек дамыған елдердің мәдени тасқынына жұтылып кетпеуіміз керек. Осы жерде салт-дәстүріміз халықтың рухани қорғаны бола алады» — деп бір тоқталды кейіпкеріміз.

— Мәдени орталықтың басшылық қызметін қолыңызға алыпсыз. Жалпы, қазақ салт-дәстүрінің ерекшелігі не екен, осыны ойланyp көрдіңіз бе?

— Қазақ салт-дәстүрінің бір ерекшелігі — біздің исламға дейінгі әдет-ғұрып пен ислам

Әдет-ғұрып, салт-дәстүрдің бәрі протокол. Мысалы, қонақ күтуіміз. Қонақ келеді дегеннен бастап, абыр-сабыр басталады. Күту басталады. Сосын оны қарсы алу. Қонақты төрден бастап отырғызу. Одан кейін алдына тамақ қою, тамақты таратудың өзінің бір семантикалары бар, ғылыми тілмен айтқанда. Сосын дастарқан үстіндегі қонақ пен үй иесінің әңгімесі. Үй иесінің өзін-өзі ұстауы. Этикеттің бәрі осы жерде бар.

Келген қонаққа су құю. Оның өзі этикет. Су құйғанда, құмандағы су өте ыстық, не өте салқын болмауы керек. Ал ет жегеннен кейін құйылатын су ыстықтау болуы шарт. Сосын суды қалай, қандай тәртіппен құясын?.. Сонан соң дастарқан мәдениеті. Біздің халықта өте үлкен дастарқан мәдениеті бар. Білесіздер, бала кезімізде үйге қонақ келгенде, бір көзін қонақта, бір көзін шай құйып отырған шешенде болады. Өйткені, қонақтың ішіп отырған шыныдағы шайы таусылып қалмауы керек. Ол қолын созып, сені күтіп қалмауы керек. Сен кесені алып, беріп үлгеріп отыруың керек.

— Менінше, ата-бабамыз ұстанған әдет-ғұрыптың бәрінде үлкен философиялық мән бар сияқты. Осы пікірге не айтасыз?

— «Иә, салт-дәстүріміздің керемет, терең философиясы бар. Мысалы, жөргем ілу. Жөргем ілуді философиялық тілмен айтқанда — тәй-тәй басқан баланың өмірге деген мотивациясы екен. Бұрын киіз үйді айналдырып арқан-жіп байлаған ғой. Сол арқанға екі-үш қадамнан кейін әртүрлі ойыншықтар байлап қоятын болған. Тәй-тәй басқан бала «ана ойыншықты аламын, ана тәттіні аламын» деп талпынып жүріп, өзі тік тұрып жүріп кетеді. Мен құлап қаламын деп қорықса, бала жүре алмай қалады ғой. Ал ана ойыншық пен тәттіні ойлап тұрғанда, автоматты түрде шауып кетеді. Осының арғы жағында үлкен философия жатыр. Бұда адам баласының туғаннан мәңгілік сапарға кеткенге дейінгі өмір кезені жатыр.

Біздің қазіргі бір мақсат — салт-дәстүрдің тереңінде жатқан осындай даналықты, философияны ашу, жарыққа шығару. Сондықтан да салт-дәстүрдің тереңінде, түбінде жатқан үлкен философияны халыққа жеткізіп, өзінің ұлт ретінде өзін-өзі қадірлеуіне салт-дәстүрдің маңызы өте зор. Осы жолда біздің орталықтың атқарар жұмысы әлі көп деп ойлаймын».

Жарас КЕМЕЛЖАН

Есеп

Жетістікке жетелейтін университет

Қазақ ұлттық аграрлық университетінің QS рейтингі бойынша 200 жоғары оқу орнының ішінде 86-орынға көтерілді. Сондай-ақ 100 ТОП университеттер санатына енді. Бұл туралы жоғары оқу орнының ректоры, ҰҒА вице-президенті, академик Тілектес Есполов халыққа есеп беру жиынын хабарлады.

Есеп беру жиынында университеттің 2015-2016 оқу жылдарына шолу жасалып, оқу орнының ғылыми-инновациялық, қаржылық-шаруашылық, әлеуметтік-тәрбие жұмыстары жөнінде есебі тыңдалып, жетістіктері жария етіліп, университеттің алдағы стратегиялық даму бағыттары таныстырылды.

Бүгінгі күні университеттегі студенттердің 90 пайыздан астамы ауыл жастары. Мемлекет қолдауының арқасында оқу орнында еліміздің әр түкпірінен келген білім алушыларға заманға сай, әлемдік деңгейдегі білім мен ғылымды игеруге барынша жағдай жасалған. Бұл іргелі оқу орны мемлекет қойған талаптарға сай. Ұлттық зерттеу университетіне трансформациялану жөніндегі стратегиялық бағдарламасына сәйкес құрылымдық модернизациядан өткен.

Ректор, өз сөзінде университеттің стратегиялық бағыт-бағдарын ұстана отырып, ауылдық жерлерден келген жастарды инновацияға бейімдеп, аграрлық білім мен ғылымға тереңдеп, жана технологияларды игеруі үшін агротехнологиялық хаб — ауыл шаруашылығы зерттеулерінің халықаралық институтын құрылғандығын ерекше атап өтті. Шетелдің озық тәжірибелерін негізге алған, бұл институт отандық ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілердің нақты сұраныстарына сай ғылыми-өндірістік жобаларды іске асыруға зор мүмкіндік береді.

Институт құрамына университет жанындағы Қазақстан-Жапон инновациялық



орталығы, Қазақстан-Корей инновациялық орталығы, Су инновациялық орталығы, Инновациялық жылыжай, Мемлекеттік индустриялық инновациялық даму бағдарламасы аясында мамандар дайындайтын азық-түлік сапасы және технологиясы орталығы, «Агроинженерлік мәселелер және энергия үнемдеу» орталығы, тұрақты егін шаруашылығы орталығы сияқты қолданыстағы орталықтар біріктірілген. Бұл инновациялық орталықтар мен зертханаларды ауыл шаруашылық кәсіпкерлері шикізат пен дайын өнімге сараптама жасау, топырақ, су және т.б. сапасын анықтау үшін пайдаланады.

Жиын барысында ректор бүгінгі күні Елбасы Жолдауында көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық университеті бейіндік магистратура негізінде Индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы бойынша мамандар дайындалып жатқанын атап өтті. Бағдарламаның негізгі мақсаты — тамақ

өнеркәсібі, агрохимия, ауыл шаруашылығы техникасы, ауыл шаруашылығы салалары бойынша практикалық-бағдарланған жоғары білікті кадр дайындау.

Руслан ДОСТАЕВ



насихаттау. Сондай-ақ халық қазынасы саналатын — салт-дәстүрімізді зерттеу. Іргетасы жана қаланған орталықтың атқарған шаруасы көл-көсір. Қазірге дейін бірнеше деректі фильм түсірген. Онда қазақ салт-дәстүрі жеке-жеке тақырып бойынша көрсетіледі. Келушілердің қарасы қалын. Өз ата-бабасының жүрген жолы, ұстанған дәстүрін білуге құштарлық басым.

«Республика бойынша жалғыз ғимарат. Мемлекет салт-дәстүрге көңіл бөліп, осы ғимаратты салып берген. Бұл орталықтың маңызы өте зор. Мақсаты — халықтың жүздеген

діні тараған 9-ғасырдан кейінгі салт-дәстүр бірін-бірі жоққа шығармайды. Біте қайнасып кетті. Салт-дәстүрді насихаттаудың екі жолы бар. Салт-дәстүр біздің ою-өрнектеріміз сияқты. Суретші-колөнершілеріміз айтады: «Біздің ою-өрнекке ешқандай нақыш қосуға хақымыз жоқ» — дейді. Өйткені, «Бүгін мен қоссам, ертең басқа бір шебер қосады. Сөйтіп, біраз уақыт өткенде ою-өрнегіміз өзгеріп кетеді» — дейді. Салт-дәстүрді де осындай, көздің қарашығындай сақтау керек. Бұны өте стилизацияға апаруға болмайды.



Алексейдің есінде сол бір күн мәңгі сақталады...
Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуде болып, ерекше сезімге, зор қуанышқа, мақтанышқа бөленді. Өзінің ұстаздарына, әке орнына әке, ана орнына ана бола білген тәрбиешілеріне деген сол сәттегі ризашылығы шексіз еді.

Әнімен таңдандырған - Алексей

Ертенінде жан-жақтан жолдастары, мектептік ұстаздары, алыс-жақын таныстары телефонмен қоңырау соғып, құттықтап жатты. Арасында бейтаныс, танымайтыны қаншама! Бұрын-соңды мұндай көпшілік назарында болып көрмеген Алексейге бұл ерекше әсер етті. Көз алдынан ес білгеннен бергі өмірі кинолентасындай зырылдап өте шықты.

Павлодар қаласындағы Достық үйінде Нұрсұлтан Назарбаев өңірдің зиялы қауымы, ардагерлер, жастар ұйымдарының өкілдерімен кездесіп жатқан сәт еді. Елбасы жиналғандармен емін-еркін диалогтасып отырды. Облыс әкімі Болат Бақауов бастап, атқарылып жатқан істер жайын баяндап, басқа да азаматтар өз ойын ортаға салды. Кездесу аяғына таман толғанысын тежеп, Алексей де мемлекет басшысына өз ойын ақтарды.

«Мен тәрізді мыңдаған ата-анасы жоқ балаларға пана болған Сіз біздің әкеміздейсіз. Әр баланың өзіндік арманы болады. Менің де сондай арманым бар еді. Бүгін сол орындалды. Мен Сізбен кездесуге қатысып отырмын. Музыкалық колледжде дәріс аламын. Қазақтың дүлдүл әншісі Әміре Қашаубаев 1925 жылы Парижде ЭКСПО-да «Балқадия» әнін орындағанын білеміз. Осы әнді Сізде айтады екенсіз — оны теледидар арқылы көрдім. Рұқсат етсеңіз, осы әнді мен Сіздің алдыңызда

25-жылдығына арналған мерекелік концертке қатысуға Астанаға келетін бол», — деді.

Алексей Лодочников өзі айтқандай, әке-шешеден ерте айырылып, Қашыр ауданындағы Терекөл



ауылында балалар үйінде тәрбиеленді. Жастайынан өнерге бейімділігі байқалды. Ешкімнің үгітінсіз-ақ қазақ тілін жақсы көріп, оқып-біліп, үйренді. Қазір еркін сөйлейді.

Баланың өнерге құштарлығы және қабілеті барын аңғарған тәрбиешілер,



орындап берейін. Келешекте ЭКСПО-17 сахнасынан осы әнді айтсам деген үміттемін», — деп мүдірмей таза қазақша айтып, әнді домбыраға қосылып шырқап берді.

Президент жас әнші жігіттің әнін мұқият тындап, ризалығын білдірді.

Н.Назарбаев «Тамаша. Қазақша таза сөйлейді екенсің, тіпті менің көмекшілерімнен де артық біледі екенсің. Жыл аяғында өтетін Тәуелсіздіктің

Мұхит ОМАРОВ,
 Павлодар қаласы

Астанадағы «Ғашықтар саябағында» Олимпиада және Паралимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері ағаш отырғызды. «Ғашықтар» саябағына барлығы 19 түп Тянь-Шань шыршасы отырғызылды. Бұл Рио-де-Жанейро Олимпиадасында ел қоржынына түскен медаль санын білдіреді.



19 жүлдегерге - 19 шырша



Ағаш отырғызғандардың қатарында Олимпиада чемпиондары — Жаксылық Үшкемпіров, Серік Сәпиев, Данияр Елеусінов, жүлдегерлер Әділбек Ниязымбетов, Василий Левит, Гүзел Маннорова, Жазира Жаппарқұл, Екатерина Ларионова, Дариға Шәкімова, Карина Горичева, Фархад Харки бар. Сондай-ақ Паралимпиада ойындарында алтын еншілеген тұңғыш чемпионы Зүлфия Габидуллина мен күміс жүлдегер Раушан Қойшыбаева да игілікті істің басы-қасынан табылды.



Жұлдыздар аллеясында жаңа есім

Алматыдағы Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының аймағында орналасқан Жұлдыздар аллеясы жаңа есімдермен толықты.

Естелік жұлдыздарға кинооператор, кинорежиссер, продюсер, мемлекеттік жүлденің лауреаты, «Тарлан-2001» жүлдесінің иегері Ораз Рымжанов, кинорежиссер Шәріп Бейсембаев, кинорежиссер, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Қанымбек Қасымбеков, актер, Қазақ КСР Мемлекеттік жүлдесінің лауреаты Сағи Әшімовтің есімдері жазылды.



Жүлдесі қомақты



Шараның мақсаты — еліміздің тарихындағы маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғалардың көркем бейнесін нақты көрсету арқылы жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстан халқының тарихи оқиғаларға деген көзқарасын қалыптастыру.

Байқау 2016 жылғы 16 желтоқсанда қорытындыланады. Аталған шара қорытындысы бойынша кескіндеме, графика, мүсін, инсталляция аталымдары бойынша лауреаттар анықталып, арнайы жүлделер тағайындалады.

Ұлттық музей қазақ тарихындағы маңызды оқиғалар бейнеленген заманауи бейнелеу өнері туындыларының эскизін жасауға байқау жариялайды. Оған кескіндемелік және графикалық сурет, мүсін, инсталляция сынды заманауи бейнелеу өнері туындылары қабылданады.



Жылжымалы көрме

Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік қорық-мұражайы көрнекті ғалым, абайтанушы Қ.Мұхамедхановтың 100 жылдығына арналған «Абайтанудың асқан білгірі» атты кезекті жылжымалы көрмені Семей қаласының №32 орта мектебінде ұйымдастырды.



«Абайдың ізімен...» мәдени іс-шара аясында өткізілген жылжымалы көрменің мақсаты: оқушыларға көрнекті ғалым Қ.Мұхамедхановтың асыл мұраларын насихаттау, бірегей тұлғаның кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өмір жолы, қызметі және оның

абайтануға қосқан орасан үлесі мен музей ісін дамытудағы еңбегі жөнінде кенінен мағлұмат беру.

Қ.Мұхамедхановтың кейінгі ұрпаққа үлгі боларлық өмір жолы, қызметі, абайтануға қосқан еңбегі көрме арқылы жан-жақты таныстырылды.

Шара барысында оқушылар Қ.Мұхамедхановқа арнауларын оқып, өнерлерін көрсетті.

Мектеп әкімшілігі мұражай қызметкерлеріне өз алғысын білдіріп, шығармашылық байланысты одан әрі дамыта түсуге тілектестік білдірді.

Оқушыларды елжандылыққа, адами құндылықтарға тәрбиелейтін өнегелі кездесу өзге мектептерде жалғасын таба бермек.

Директор — Бас редактор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың бірінші орынбасары

Серік ЖОЛДАСБАЙ Астана қаласы өкілдігінің жетекшісі

Ғалия ҚАЛИЕВА

компьютер орталығының жетекшісі

Бөлім редакторлары:

Марат МАМАНБАЙ — қоғам және әлеумет

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — өнер және руханият

Руслан ДОСТАЕВ — арнаулы тілші

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Мехмет СЕМЕРЖИ — фототілші

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Шынарғұл ОНАШБАЙ — Алматы облысы (8 701 503 02 76)

Асқар АҚТІЛЕУ — Ақтөбе облысы (8 778 523 44 96)

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ — Маңғыстау облысы (8 702 799 06 22)

Мұхтар ШЕРІМ — Оңтүстік Қазақстан облысы (8 701 428 21 08)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй (Абай даңғылының қиылысы)
 Телефондар: 8(727) 394-37-22; факс: 394-39-68
 Бухгалтерия: тел. факс: 8(727) 394-39-67 (жарнама бөлімінің ішкі нөмірі 108)

Газет «Дәуір» ЖШС РПНҚ
 (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
 тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
 Тапсырыс — №2116;
 Бағасы келісім бойынша

Айлық таралымы — 45 000 дана

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралының есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Etihad Air ways», «Turkish Airlines», «BIM», «QazaqAir» әуеспаздарының ұшақтарында бар.